

**Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы**  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.
3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар (келісу бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпаратты "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес берсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жүктелсін.
5. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 1050 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Мазмұны**

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Ағымдағы жағдайды талдау
4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар
6. Қажетті ресурстар

**1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы	Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	<p>1. "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>4. "Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 9 ақпандағы № 633 Жарлығының 8-тармағы.</p> <p>5. "Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығы.</p> <p>6. "Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 846 қаулысы.</p> <p>7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>8. Елдің индустриялық-инновациялық дамуы бойынша Қарағанды қаласындағы Қазақстан Республикасы Президенті кеңесінің 2019 жылғы 23 тамыздағы хаттамасы.</p>
Өзірлеуге жауапты	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері

Мақсаты	Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігі					
Міндеттер	1) индустриялық кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру арқылы индустрияландыруды тереңдету; 2) ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлардың өндіріс көлемін ұлғайту және номенклатурасын кеңейту; 3) базалық өндірістерді дамытуды ынталандыру және стратегиялық жобаларды іске асыру арқылы өнеркәсіптік қуаттарды ұлғайту; 4) өңдеуші өнеркәсіп салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру.					
Іске асыру мерзімі	2020 – 2025 жылдар					
Нысаналы индикаторлар	2025 жылға қарай мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу*: 1) өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге нақты өсуі; 2) өңдеуші өнеркәсіп экспорт көлемінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,9 есеге өсуі; 3) өңдеуші өнеркәсіп негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге өсуі; 4) 2018 жылғы деңгейге қарағанда экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына шаққанда өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1,5 есеге ұлғайту; 5) Экономикалық күрделілік индексі (Гарвард) 78-орыннан 55-орынға дейін (-0,31 балдан 0,14 балға дейінгі деңгейге) арттыру.					
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны 2020 – 2025 жылдары іске асыруға республикалық бюджеттен талап етілетін жалпы шығыстар 780 797,1 млн. теңгені** құрайды, оның ішінде: 2020 жылы – 146 065,3 млн. теңге; 2021 жылы – 215 725,1 млн. теңге; 2022 жылы – 107 896,4 млн. теңге; 2023 жылы – 107 863,5 млн. теңге; 2024 жылы – 101 996,9 млн. теңге; 2025 жылы – 101 249,9 млн. теңге.					

Ескертпе:

\* Бағдарламаның нысаналы индикаторларын орындау тиісті қаржы жылдарына арналған Бағдарламаны қаржыландыру көлеміне байланысты болады;

\*\* сомалар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетке сәйкес нақтыланатын болады.

## 2. Кіріспе

Өнеркәсіп саясатында Қазақстан әлемдік нарықтардағы конъюнктураға тәуелді емес экономиканың шикізаттық емес секторларын дамытуға баламасыз бағдар ұстанады. Осы міндетті шешу үшін Қазақстанда 2010 жылдан бастап жоғары өнімді және экспортқа бағдарланған өңдеуші өнеркәсіпті құруға бағытталған жаңа проактивті индустриялық саясат кезең-кезеңімен іске асырылуда.

Бүкіл экономиканы әртараптандырудың катализаторы мен негізі ретінде мемлекеттік индустрияландыру саясатының басты мақсаты өңдеуші

өнеркәсіптің ел экономикасының негізгі драйвері ретінде дамуы мен қалыптасуы үшін жағдай жасау болып табылады.

Өңдеуші сектордың орнықты өсуі мен бәсекеге қабілеттілігіне технологиялық прогрессивті өнеркәсіп құру, кейіннен жаһандық нарықтарға шыға отырып, орта, жоғары технологиялы өнім құруға бағдарланған жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың негізгі қорларын трансформациялау және цифрландыру жолымен қол жеткізілетін болады.

Мәселен, индустрияландыру жылдарында өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін шығару өсімінің озық қарқынына қол жеткізілді, еңбек өнімділігі 1,3 есеге өсті, сала кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар ағыны 2,1 есеге ұлғайды.

Қазақстанда бұрын өндірілмеген 500 жаңа өнім түрінің өндірісі игерілді: жүк және жолаушылар вагондары, электровоздар, жүк, жеңіл автомобильдер мен автобустар, трансформаторлар, рентген аппаратурасы, жарықдиодты жарық шамдар, титан құймалары және қорытпалар, дәрілік заттар, сүт өнімдері және басқалар.

Қазақстанда өндірілген және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті тауарлар саны артты, оның ішінде: бу турбиналары, мыстан жасалған бұйымдар, радиаторлар, аккумуляторлар, сусындар, кондитерлік бұйымдар және т.б.

Сапалы индустриялық серпіліс жасау және бәсекеге қабілетті өңдеуші өнеркәсіп құру үшін, әсіресе геосаяси жағдай мен жаһандық сауда қақтығыстары шиеленіскен жағдайда, бизнес пен мемлекет мүдделерінің теңгерімін сақтауды және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуды ескере отырып, дәйекті әрі сараланған мемлекеттік саясат жүргізу талап етіледі.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді, ол экономиканы әртараптандыру жөніндегі ұзақ мерзімді бағдардың қисынды жалғасы болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемдік экономикада жаһандық экономикалық бәсеке күшейе түсуде, бұл Қазақстанның алдына өз экономикасын "цифрлық дәуірге" дайындау міндетін қояды. Осыны ескере отырып, индустриялық-инновациялық даму ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді.

Индустрияландырудың алдағы үшінші бесжылдығы шеңберінде және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарына сәйкес мемлекеттік өнеркәсіптік саясатта қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған экономиканы құруға баса назар

аударылатын болады. Экспортқа бағдарлану тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өсіп келе жатқан көлемін өткізу нарықтарын кеңейту және құн түзудің жаһандық тізбегіне қосылу қажеттігінен туындап отыр. Экспортқа бағдарланған индустрияландыру қазақстандық жаңа тауарларды, оның ішінде жоғары технологиялы өндіріс тауарларын сыртқы нарыққа шығаруға мүмкіндік береді.

Ол үшін сыртқы нарыққа бағдарланған өндірушілер үшін ынталандыру шаралары кешенін көздеу қажет. Ең алдымен өңдеуші секторда. Атап айтқанда, "цифрлық дәуір" өнеркәсібінің қалыптасу процесін ескере отырып, жоғары технологиялық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді экспорттаушы кәсіпорындарды ынталандыруға баса назар аударылатын болады. Мемлекеттік ынталандыру тетігі кәсіпорындардың экспортқа бағдарланған даму моделіне көшуін ынталандыратындай етіп құрылатын болады. Осы тетік сондай-ақ сыртқы инвестицияларды тарту мен ұстап қалуға да бағытталатын болады. Өңдеуші өнеркәсіптегі технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі шаралар қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің стратегиялық бәсекелік артықшылықтарын дамытудың түйінді факторына айналады.

Инновациялық экономикаға көшу кадрларды даярлау, ғылыми және қолданбалы зерттеулер, стартаптарды қолдау, озық технологиялар трансфері, венчурлік экожүйе және т.б. құру саласындағы жүйелі реформаларды жалғастыруды болжайды.

Сонымен қатар, мемлекеттің белсенді индустриялық-инновациялық саясаты бизнеспен әріптестікте жүргізілетін болады. Қолдау жөніндегі шаралар олардың қарсы міндеттемелеріне айырбас ретінде берілетін болады.

Осылайша, қазіргі уақытта болып жатқан технологиялық және әлемдік шаруашылық негіздерінің ауысуы нәтижесінде мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясат өзінің тиімділігі мен жылдам құбылмалы жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруы тиіс. Бұл индустриялық-инновациялық дамудың рөлін және оның орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге әсерін айтарлықтай ұлғайтуды болжайды.

Жоғарыда жазылғанды ескере отырып, Бағдарламаның фокусы жоспарланған өршіл нәтижелерге қол жеткізу үшін тиісті қаржыландыру арқылы ішкі және сыртқы нарықтарда қосылған құны жоғары өндірістерді дамыту жолымен Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыруға жағдайлар жасау болып табылады.

### 3. Ағымдағы жағдайды талдау

### 3.1. 2010 – 2018 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің жай-күйін талдау


Халықаралық талдау әлемдік экономикада өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 15,6 % деңгейінде екенін көрсетеді, бұл қазақстандық деңгейден (11,4 %) жоғары. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, сондай-ақ Еуропалық одақ елдерінде бұл көрсеткіш орта есеппен 14 %-ды құрайды. Көптеген дамушы елдерде өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 20-35 %-ға жетеді: мысалы, Қытайда – 29 %, Малайзияда – 22 %, Индонезияда – 20 %, посткеңестік кеңістік елдерінде, атап айтқанда Ресейде – 12 %, Беларусьте – 22 %, Украинада – 12 %. Қытай мен Корея экономикаларының жетістігі елдің жалпы ішкі өнімі құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің жоғары үлесін сақтауға ықпал ететін индустриялық даму жолына көшумен байланыстырылады.

Индустрияландырудың екі бағдарламасы іске асырылған кезеңде 2010 – 2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіпті дамытудың оң серпіні қалыптасты, өндіріс көлемі базалық мәнде 2010 жылы 3,8 трлн. теңгеден 2018 жылы нақты мәнде 10,4 трлн. теңгеге дейін немесе 2,7 есеге ұлғайды. Көрсетілген кезеңде өңдеуші өнеркәсіптің өнеркәсіптік өндірісінің нақты көлемі индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 4,5 %-ды құрады және жиынтығында 42,3 %-ға ұлғайды (2009 жылдың деңгейіне қатысты 2018 жылы). Бұл тау-кен өндіру секторындағы осындай көрсеткіштен екі есе жоғары (21,4 %).

2009 – 2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіптің жалпы қосылған құнының нақты өсімі жиынтығында 48 %-ды құрады, бұл Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің өсуіне мөлшерлес (2009 жылға қатысты 2018 жыл – 47,9 %). Мұндай синхрондылықтың негізгі факторларының бірі сыртқы нарықтардағы шикізат ресурстарына бағаның төмендеуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының өндіруші өнеркәсібінің өсу қарқынының 22,9 %-ға дейін баяулауы болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіп шығарылымының құрылымында 2018 жылы металлургия (44,4 %) басым күйде қалып отыр, 2010 жылы – 41,5 %, азық-түлік өнімдерін өндіру үлесінің біршама төмендегені байқалады (18,1 %-дан 14,7 %-ға дейін), машина жасау (9,8 %-дан 10,5 %-ға дейін), химия өнеркәсібінің (2,7 %-дан 3,9 %-ға дейін) үлесі шамалы ұлғайды. Қалған салалардың үлес салмағы іс жүзінде өзгеріске ұшыраған жоқ (1-сурет).

1-сурет. 2010 және 2018 жылдардағы өңдеуші өнеркәсіп салаларының салалық құрылымы, жиынына %-бен (100 % – барлық өңдеуші өнеркәсіп)



Дереккөз: ҰЭМ СК


Соңғы 10 жылда Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі жоғары өсу қарқыны елдің әлемдік шикізат нарықтарына (базалық металдар мен материалдар) қатысуын кеңейту есебінен басым түрде қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта, халықаралық институттар мен бизнес-қауымдастық өкілдерінің пікірінше, шикізат супер циклі аяқталды. Төмен өндіріс тауарларын сату есебінен экономикалық өсу мүмкіндіктері таусылды.

**Мысалы, елдің өңдеуші өнеркәсібінің көлеміндегі өндіріс деңгейі төмен (болаттан, тазартылған мыстан жасалған табақтар өндірісі және т.б.) металлургия өнеркәсібінің үлесі 2014 – 2018 жылдар кезеңінде тиісінше 31,4 %-дан 44,4 %-ға дейін ұлғайды, 2019 жылы Лондон металдар биржасында (The London Metal Exchange) баға төмендеді. 2018 жылғы мамырда мыстың 1 тоннасы 7000 доллар, 2019 жылы 6000 доллар болды.**

Әлемдік саудаға бағдарланған, шикізатқа сатып алу бағасының кенеттен өзгеруіне бейімдігі жоқ неғұрлым жоғары технологиялы күрделіліктегі өнімдер өндірісін ұйымдастыру есебінен өңдеуші өнеркәсіпті қарқынды дамыту мәселесі туындап отыр.

Мысалы, Жапонияда өндірістің фокусы жоғары технологиялы өнімге (кеме жасау, көлік, электротехника үшін болат) шоғырланған. Осының нәтижесінде Жапонияның металлургия өндірісі шикізат (болат) бағасының жаһандық құлдырауына неғұрлым төзімді болып табылады.

2-сурет. Қазақстан мен Жапониядағы қара металлургияға болат бағасы индексінің әсерін салыстыру



Дереккөз: Bloomberg, Bureau of Statistics of Japan, ҰЭМ СК

Қазіргі уақытта тұтас салаларды мемлекеттік қолдау индустрияландырудың алғашқы жылдарында талап етілгендей елеулі әсер бере алмайды.

Өңдеуші өнеркәсіптің базалық іргетасын қолдау Қазақстан экономикасы үшін дағдарысқа қарсы өзіндік шара болған дүниежүзілік экономикалық дағдарысқа қарсы жауап болып табылды.

Қазіргі уақытта Қазақстан өзінің экспорттық және тұтынушылық себетін мүмкіндігінше тезірек әртараптандырып, тұтас салаларды қолдау тәжірибесінен бас тартуы қажет.

Экспортқа және ішкі нарыққа бағдарланған технологиялық күрделілік деңгейі жоғары өңдеуші өнеркәсіптің басым тауарларының тізбесін айқындау қажеттігі туындады.

Индустрияландырудың үшінші кезеңінде Қазақстан алдында "дамуға" бағдарланған өңдеуші өнеркәсіптің сапалы өсуі міндеті тұр. Бұл міндеттерді



жаһандық сипаттағы сыртқы "үлкен сын-қатерлер" де, ішкі процестер де белгілеп береді.

Қазақстан экономикалық даму тұрақтылығына белгілі бір қауіп-қатер әкелетін ресурстық өсу моделінен шығуы қажет. Елдің индустриялық саясаты сын-қатерлерді проблемалар мәртебесінен мүмкіндіктер санатына ауыстыруға қажетті стратегиялық тәсілдерді айқындайды, оларды өңдеуші өнеркәсіпті сапалы дамыту үшін пайдалануға болады.

Өңірлік бөліністе өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары (жиынтығында 41 %-ға жуық) ірі металлургиялық кәсіпорындардың шоғырлануы есебінен ең үлкен үлес қосады. Түркістан, Алматы облыстары және Алматы қаласы өңдеуші өнеркәсіптің барлық жалпы қосылған құнының 17 %-дан астамын қамтамасыз етеді. Өңірлердің үшінші тобы (саланың жалпы қосылған құнындағы әрқайсысының үлесі 2-ден 8,5 %-ға дейін) Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Атырау облыстары болып табылады. Соңында, өңірлердің 4-тобы ең аз үлес қосады – жалпы қосылған құнның жалпы көлемінің 6,5 %-ынан астам – Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Өңірлік бөліністе әртүрлі салалар кәсіпорындарының шоғырлану дәрежесін талдау металлургия өнеркәсібінің (Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында) барынша шоғырланғанын көрсетеді, оның үлесіне саланың жалпы қосылған құнының 76,5 %-ы келеді. Жалпы қосылған құн үлесінің шамасы бойынша мынадай азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың тобы салыстырмалы түрде жоғары географиялық көрінісімен сипатталады: Қазақстанның 9 өңіріне осы саланың жалпы қосылған құнының 80 %-дан астамы келеді. Кокс және мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі негізінен ірі мұнай өңдеу зауыттары орналасқан 3 өңірде – Шымкент қаласында, Атырау және Павлодар облыстарында шоғырланған, бұл өңірлерде саланың шоғырлану деңгейі 85 %-ды құрайды. Құрылыс материалдары Қазақстанның барлық өңірлерінде жаппай өндіріледі: жалпы қосылған құнның 79 %-ы 9 өңірге тиесілі.

2019 жылдың басында өңдеуші өнеркәсіпте 23003 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде 14700-і жұмыс істеп тұрғандар, 8398 – белсенді кәсіпорындар.

Өңірлік бөліністе республиканың өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының ең көп саны Алматы (24 %) және Нұр-Сұлтан (12 %) қалаларында, сондай-ақ Қарағанды облысында (11 %) тіркелген. Өңірлердегі кәсіпорындар саны бойынша артықшылық азық-түлік өнімдерінің өндірісінде сақталады, бұл

жергілікті өткізу нарықтарының бірінші кезектегі қажеттіліктерін объективті түрде көрсетеді.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік қуаттарының жүктелу деңгейі орта есеппен 44 % – 58 %-ды құрайды. "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректері бойынша жиһаз, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарының жүктелуі 45 – 59 %-ды құрайды. Қуаттарды жаңғыртуға арналған айналым қаражатына қаржы қаражатының жетіспеуі, ішкі және сыртқы нарықтарда кәсіпорындардың өніміне сұраныстың болмауы немесе жеткіліксіз болуы, арнайы жабдықта жұмыс істеу үшін даярланған кадрлардың жеткіліксіздігі немесе болмауы, шикізатпен проблемалар өңдеуші өнеркәсіптің отандық кәсіпорындарының толық жүктелмеуінің негізгі себептері болып табылады.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары мен дайын сапалы шикізат өнімдерін өндірушілер арасында коллаборациялық байланыс жоқ. Осыған байланысты елде импорттық шикізатқа және құрамдас бөліктерге тәуелділіктің жоғары екені байқалады, мұның өзі қазақстандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне сындарлы әсер етеді.

Өндірілетін шикізат пен құрамдас бөліктердің болмауы немесе жеткіліксіздігі мынадай себептермен негізделеді:

- шикізат өндірісінің технологиялық дамымауы (жоғары сапалы шикізат пен материалдар өндірісінің болмауы);
- шикізаттың белгілі бір түрлерін өндірудің экономикалық орынсыздығы (ішкі қажеттіліктің аздығы);
- кейінгі өңдеуді ұйымдастыру үшін базалық шикізаттың болмауы.

Әлемнің өңдеуші өнеркәсібінің қазіргі көптеген алыптары, мысалы, Оңтүстік Корея сияқты, бір кездері әртүрлі елдерден импортталған шикізат пен құрамдас бөліктерден соңғы өнім шығарумен айналысқан. Экономиканың ағымдағы жағдайынан барынша пайда алудың мұндай стратегиясы уақыт өте келе осы елдердің өз салаларында әлемдік нарықта жетекші өндірушілерге айналуына мүмкіндік берді.

Осының салдарынан, қазіргі уақытта интеграцияны ынталандыру және әлемдік өндірістік және сауда тізбектеріндегі Қазақстан Республикасы экономикасы үлесінің тиісінше өсуі есебінен өзіндік шикізаттық емес экспортты дамыту өте өзекті болып отыр. Қажетті шикізат пен құрамдас бөліктердің импорты, оларды қайта өңдеуді тереңдету және импорт толтыру қағидаттары арқылы қосылған құны жоғары өнімді кейіннен өткізу есебінен өндірісті жолға қою мүмкін.

Кәсіпорындардың орнықты тыныс-тіршілігінің маңызды факторы шикізатпен қамтамасыз етілу болып табылады. Отандық шикізатпен қамтамасыз етудің неғұрлым жоғары деңгейі кокс өндірісі және мұнай өңдеу (98 %), металлургия өнімдерін өндіру (90 %), дайын металл бұйымдарын өндіру (машиналар мен жабдықтардан басқа) (86 %) сияқты салаларда байқалады.

Сонымен қатар, паспорттау деректеріне сәйкес өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының үштен бірі (32 %) шикізатпен қамтамасыз етілу проблемасын бастан кешуде, оның ішінде: тамақ (42 %), жеңіл (40 %), жиһаз, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз (9-15 %), химия (35 %) және фармацевтика (29 %) өнеркәсібінің кәсіпорындары.

Тұтастай алғанда, салалар бөлінісінде кәсіпорындардың өңірлік шоғырлануы шикізат ресурстарына жақындығын не ірі мегаполистерде ішкі нарықтарда сала өніміне сұраныстың болуын көрсетеді, бұл төлемге қабілетті сұраныстың болуына байланысты.

Өңдеуші өнеркәсіпте технологияларды өндірісте пайдалану қарқындылығымен өлшенетін технологиялық күрделілігіне байланысты салалардың үш тобы бар: жоғары технологиялы, орташа технологиялы және төмен технологиялы салалар.


2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі ең үлкен үлес салмақ (47,9 %) орташа технологиялы салаларға тиесілі. Одан әрі – төмен технологиялы (41,2 %); жоғары технологиялы (10,9 %). 2010 жылмен салыстырғанда жоғары технологиялы салалардың үлесі 8,9 %-дан 10,9 %-ға дейін артты, сонымен қатар төмен технологиялы салалардың үлесі 43,1 %-дан 41,2 %-ға дейін, орташа – 48%-дан 47,9 %-ға дейін төмендеді. Әзірше бұл өзгерістер Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының оңтайлы технологиялық құрылымның негізін жоғары технологиялы және орташа технологиялы өндірістер (48 %-ға жуық) құрайтын дамыған елдерінің деңгейіне жақындау үшін жеткіліксіз, бұл ретте жоғары технологиялы өндірістер шамамен 20 %.

Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің жоғары технологиялы салалары арасында химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі (өңдеуші өнеркәсіптің жалпы көлемінің 3,7 %) және негізгі фармацевтикалық өнімдердің өндірісі (2 %) басым. Орташа технологиялы салалар ішінде ең жоғары үлес салмақты металлургия өнеркәсібі (барлық өңдеуші өнеркәсіп көлемінің 44,7 %-ы) және өзге де металдан басқа минералдық өнімдер өндірісі (5,8 %) алады. Төмен технологиялы салалар арасында тамақ өнімдері өндірісін (өңдеуші

өнеркәсіптің жалпы көлемінің 14,9 %-ы), кокс және мұнай өңдеу өнімдері өндірісін (8,4 %) және сусындар өндірісін (3,3 %) атап өткен жөн.

Төмен технологиялы өндіріс Қазақстанның 9 өңірінде басым, 7 өңірде орташа технологиялы өндірістің үстемдігі байқалады. Технологиялық күрделілігі жоғары өнімдер басым өңірлерге Жамбыл (43,5 %), Маңғыстау (18,6 %), Алматы (26,7 %) және Қостанай (26,3 %) облыстары (3-сурет) жатады.

3-сурет. Өңірлердің технологиялық күрделілік бойынша мамандануы, 2018 жыл, жиынға қатысты %-бен әр өңір үшін 100 %



Дереккөз: ҰЭМ СК

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың цифрландыруға әзірлігін бағалау мақсатында (Фраунгофер атындағы институттың әдіснамасы бойынша) 600-ден астам кәсіпорынға жүргізілген кешенді сауалнама өңдеуші кәсіпорындардың 80 %-дан астамы және өндіруші өнеркәсіп кәсіпорындарының 60 %-ы Индустрия 2.0 (жартылай автоматтандырылған операциялар) деңгейінде немесе автоматтандырылған өндіріске көшу кезеңінде тұрғанын анықтады. Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіпте 3 % және тау-кен өнеркәсібінде 21 % – Индустрия 3.0 деңгейінде немесе толығымен автоматтандырылған.

Ресми статистиканың деректері бойынша Қазақстан Республикасының инновациялық қызметінің көрсеткіштері индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары іске асырыла бастағаннан бері оң серпін көрсетуде.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі 2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін 3 есе, 4,6 %-дан 15,8 %-ға дейін артты.

2018 жылдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі технологиялық инновацияларға арналған шығындар 610,8 млрд. теңгені құрады (2014 жылы 202,9 млрд. теңге).

Өңдеуші өнеркәсіпте өндірілген инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 7,5 есеге артып, 930,1 млрд теңгеге жетті. Инновациялық өнімнің экспорты 2015 жылы 31 427,8 млн. теңгеден 2018 жылы 161 671,9 млн. теңгеге дейін 5 еседен астамға артты. Өсудің осындай жоғары көрсеткішіне қарамастан, жалпы ішкі өнімдегі инновациялық өнімнің үлесі өте төмен деңгейде – 1,6 %.


Елімізде инновацияға, инновациялық өнім шығаруда шығындар көлемінің өсуі байқалып отырғанына қарамастан, Қазақстан технологиялық тұрғыдан дамыған елдерден әлі де артта қалып отыр. Айталық, 2018 жылдың қорытындысы бойынша технологиялық инновацияларды жүзеге асырған ұйымдардың үлес салмағы Ұлыбританиядағы, Франциядағы және Германиядағы тиісінше 34 %-ға, 36,7 %-ға және 55 %-ға қарағанда 6,6 %-ға тең. Бұл ретте, Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің көрсеткішіне сәйкес "инновациялық әлеует" факторы бойынша 2018 жылы Қазақстан 87-орынға ие болды, Жаһандық инновациялар индексі рейтингінің деректері бойынша Қазақстан 74-орынды иеленеді (Ресей– 46, Украина – 44).

Қазақстанда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығындар көрсеткіші жалпы ішкі өнімнің 0,12 %-ын құрайды, ал Еуропалық одақ елдерінде ол 2 %-ға тең, жекелеген елдерде 3-4 %-ға дейін жетеді (мысалы, Израиль – 4,5 %, Швеция – 3,3 %), ең төменгі көрсеткіш – Латвияда 0,5%.

Қазақстанның жекелеген ірі компаниялары жүргізген технологиялық жаңғырту, сондай-ақ қолданылып отырған мемлекеттік саясат шаралары еңбек өнімділігінің өсуін 2010 жылғы 4367,0 мың теңгеден 2018 жылы 11849,0 мың теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің өсуіне жұмыспен қамту көрсеткішінің төмен үлесі әсер етті, сала шығарылымының өсу қарқынымен салыстырған кезде ол тұтастай экономика және бүкіл өнеркәсіп бойынша ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда еңбек өнімділігінің озық өсуіне ықпал етті, егер талданып отырған кезеңде барлық экономика бойынша және өнеркәсіпте жеке еңбек өнімділігі тиісінше 33,5 % және 10,9 %-ға өскен болса, ал өңдеуші өнеркәсіпте көрсеткіштің өсуі 34,8 % белгісінде қалыптасты.

Алайда, талданып отырған кезеңде орын алған девальвациялық процестер басқа елдердің долларлық баламадағы ұқсас көрсеткіштерімен салыстырған кезде Қазақстан экономикасындағы еңбек өнімділігінің өсу көрінісін төмендетті. 2014 – 2016 жылдары теңгенің күрт құнсыздануы нәтижесінде Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің өсуі 2018 жылы 35,3 мың АҚШ долларын құрады (салыстыру үшін: 2013 жылы – 45,9 мың АҚШ доллары). Бұдан басқа, халықаралық сарапшылардың бағалауына сәйкес еңбек өнімділігі өсімінің төмен қарқынының себептерінің бірі, оның ішінде тиімсіз компанияларды қамтитын шоғырланбаған мемлекеттік қолдау болып табылады.

4-сурет. 2010-2018 жылдары Қазақстан Республикасындағы жалпы экономика, өнеркәсіп және өнеркәсіп салалары бойынша еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары/адам



Дереккөз: ҰЭМ СК

Жоғарыда баяндалғанды ескерсек, тұтастай алғанда Қазақстан экономикасы бойынша еңбек өнімділігі төмен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының дамыған елдерінің деңгейінен 5,7 есе төмен (2017 жылғы 94,6 мың АҚШ долларына қарсы 16,5 мың АҚШ доллары) деңгейде қалып отыр. 2018 жылы Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі долларлық баламада небәрі 6 %-ға өсті, ал Еуропалық одақ елдері бойынша орташа алғанда (28 ел) 2017 жылы өсім 2009 жылмен салыстырғанда 30,6 %-ды құрады, оның ішінде Еуроаймақ елдерінде – 34,9 %-ға ұлғайды.

Өңдеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларының еңбек өнімділігін салыстырмалы талдау мәндердегі тым шашыраңқылықты көрсетеді: кокс және мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісінде 257,1 мың АҚШ долларынан бастап жеңіл өнеркәсіпте 5,6 мың АҚШ долларына дейін.

5-сурет. 2018 жылы Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің жекелеген экономикалық қызмет түрлері бойынша еңбек өнімділігі, мың АҚШ доллары/адам.



Дереккөз: ҰЭМ СК

Талданып отырған бүкіл кезең бойында Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібінің сыртқы сауда теңгерімі теріс болды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша импорт 30,5 млрд. АҚШ долл. құрап, экспорттан (15,8 млрд. АҚШ долл.) 14,7 млрд. АҚШ долл. артық болды.

Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі экспортының орташа жылдық өсу қарқыны талданып отырған кезеңде 2 %-ды құрады, бұл мысалы, Ресейдің (7,5 %), АҚШ-тың (3,8 %), Германияның (5,9 %), Ұлыбританияның (2,4 %) ұқсас көрсеткіштерден едәуір төмен.

Тауар құрылымында 2010 – 2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіп экспортының ең қомақты көлемі саланың 3 тобына – металлургия, кокс және мұнай өңдеу өнімдері мен химия өнеркәсібі өнімдеріне тиесілі болды. Одан кейінгі орында тамақ өнімдері мен сусындар, сондай-ақ машина жасау өнімдері. Ел ферроқорытпалардың, сары фосфордың, ұнның, мақта майының жекелеген түрлерін жеткізу бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылады. Металлургияда айтарлықтай ілгерілеу орын алды: базалық металдар (мыс, қорғасын, мырыш және т.б.), жартылай өнімдер (қорытпалар, блюм және басқа да дайындамалар) және жартылай фабрикаттар (илем өнімі) өндірісінен дайын



бұйымдар (болат құбырлар, металл конструкциялар, рельстер, сымдар) шығаруға көшу жүзеге асырылды.

Талданып отырған кезеңде Қазақстанға өңдеуші өнеркәсіп өнімінің импорты орташа жылдық мәнде шамамен 30,5 млрд. АҚШ долл. немесе тауарлар импортының жалпы көлемінің 90,5 %-ын құрады. 2014 – 2016 жылдары импорт, негізінен, теңгенің құнсыздануы және тиісінше, отандық тауарлармен салыстырғанда импорттық тауарлардың бағалық бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты қысқарды.


2010 – 2018 жылдары импорттың ең қомақты көлемі салалардың 5 тобына – машина жасау, металлургия өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, тамақ өнімдері мен сусындарды өндіруге тиесілі болды.

Импорт құрылымында жоғары (56 %) және орташа технологиялы (18 %) салалардың өнімі басым, олар барлық импорттың 73 %-ын құрайды (2018 жылғы деректер бойынша). Қалған 27 %-ы төмен технологиялы салалардың тауарларына, оның ішінде тұтыну тауарларына – азық-түлік өнімдеріне, сусындарға, темекі мен киімге және басқаларға тиесілі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері 13,4 %-ды иеленеді.

Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялар ағынының оң серпіні байқалады. 2018 жылы Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары негізгі капиталға тартқан инвестициялар көлемі 1242 млрд. теңгені құрады, бұл 2010 жылғы осындай көрсеткіштен үш есе жоғары (413 млрд. теңге). Дегенмен, инвестициялаудың бұл көлемдері өндіруші салалардың негізгі капиталына түскен инвестициялар көлемінен (2018 жылы 4494,0 млрд. теңге) 3,5 еседен астам төмен қалып отыр.

Бүкіл экономика мен өнеркәсіп бөлінісінде өңдеуші саланың негізгі капиталына инвестициялар ағынын елдің жалпы ішкі өнімдегі өңдеуші өнеркәсіптің және тұтастай алғанда, талданып отырған кезеңдегі өнеркәсіптің үлесімен салыстыруға болады. Мәселен, талданып отырған кезеңде бүкіл экономика мен өнеркәсіп бойынша негізгі капиталға (ағымдағы бағаларда) инвестициялар тиісінше 144,8 % және 198,8 %-ға кумулятивті түрде өсті. Оның ішінде 19,6 п.т. және 59,7 п.т. өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі.

6-сурет. 2010 – 2018 жылдары бүкіл экономика мен өнеркәсіп бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың жинақталған өсу қарқынының декомпозициясы, %-бен



#### ҰЭМ СК деректері бойынша ҚЭЗО есептері

Талданып отырған бүкіл кезең ішінде инвестициялардың ең қомақты көлемі металлургия өнеркәсібіне – бүкіл кезеңдегі инвестициялардың жиынтық көлемінің 34,6 %-ы, кокс және мұнай өңдеу өнімдеріне – 23,9 %-ы, өзге де металл емес минералдық өнімдерге – 9,5 %-ы, химия өнімдеріне – 8,5 %-ы, азық-түлік өнімдеріне – 7,7 %-ы түсті. Өңдеуші өнеркәсіптің қалған секторларының негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі шамалы (жалпы көлемнің 1-ден 2 %-ына дейінгі шегінде).

Өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялардың Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бөлінуі өнеркәсіп кәсіпорындарының салалық мамандануы мен географиялық шоғырлануына байланысты. Негізгі капиталға инвестициялардың басым бөлігі өңдеуші өнеркәсіптің (металлургия және мұнай өңдеу) базалық салаларының ірі кәсіпорындары орналасқан өңірлерде – Павлодар, Қарағанды, Түркістан, Атырау облыстарында салынады.

Талданып отырған кезеңде өңдеуші өнеркәсіпке 150 млрд. теңгеден аз инвестиция алған Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстары аутсайдерлер қатарында болды.

Инвестицияларды тарту және экспортты ілгерілету үшін Қазақстанда елдің индустриялық-инновациялық жүйесінің инфрақұрылымын құрайтын арнайы экономикалық аймақтар және индустриялық аймақтар құрылды. Бүгінгі күні елімізде 13 арнайы экономикалық аймақ және 23 индустриялық аймақ жұмыс істейді.

Арнайы экономикалық аймақтар жұмыс істеген бүкіл уақыт ішінде олардың аумағында (2002 жылдан бастап 2019 жыл аралығында) 183 жоба іске қосылды, оның 46-сы – шетелдік қатысумен. Осы жобаларды іске асыру нәтижесінде 15,5 мың жұмыс орны құрылды, бюджетке салық түсімдері 150 млрд. теңгені құрады.

Барлық арнайы экономикалық аймақтар инфрақұрылымын салуға арналған бюджеттік шығындар 314,3 млрд. теңгені құрады, бұл ретте тартылған инвестициялар көлемі шамамен 975 млрд. теңгені құрады. Яғни арнайы экономикалық аймақтар инфрақұрылымына салынған 1 бюджеттік теңге 2,8 теңге жеке инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді (шетелдік қатысу үлесі 27 %-ды құрады).

Индустриялық аймақтарда инвестиция көлемі 183 млрд. теңгеге жуық 168 өндіріс іске қосылды. 8,5 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Индустриялық аймақтардың инфрақұрылымына 85,9 млрд. теңге салынды. Осылайша, салынған 1 бюджеттік теңгеге 2,1 теңге инвестиция тартылды.

Тартылған инвестиция көлемі бойынша Қызылорда облысының индустриялық аймағы көш бастап тұр.

Жобалардың басым бөлігі (43 млрд. теңге сомасына 60-тан астам) Шымкент қаласында пайдалануға берілді, 4 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Жұмыс істеп тұрған индустриялық аймақтардың басым бөлігі (7) Түркістан облысында шоғырланған.

"Қорғас – Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағын басқару үшін "JEBEL ALI" арнайы экономикалық аймағын (Дубай қаласы, Біріккен Араб Әмірліктері) басқаруда табысты тәжірибесі бар "DP World" халықаралық компаниясы тартылды. Бұл әлемдік арнайы экономикалық аймақтар рейтингінде алғашқы ондыққа кіретін Таяу Шығыстағы ең ірі порт. Бүгінгі күні мұнда мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

"Қорғас – Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағында үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес операциялық процестер құрылды;

жылына 4 млн. тонна жүк қуаты бар Құрғақ порт құрылды. Құрғақ порттың инвестициялық тартымдылығы порттың капиталына ірі теңіз тасымалдаушысы Cosco Shipping компаниясының кіруін қамтамасыз етті.

Сондай-ақ "DP World" компаниясын "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын басқаруға тарту жоспарлануда.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта басқару мен қаржыландырудағы әртүрлі тәсілдер әрбір арнайы экономикалық аймақты дамытудың біркелкілігіне әсер етті.

Мысалы, әлемдік практикада арнайы экономикалық аймақтардың толық инфрақұрылымын салуға орта есеппен 2 – 3 жыл (Біріккен Араб Әмірліктері, Польша, Қытай) жұмсалады. Ал Қазақстанда базалық инфрақұрылым шамамен 5 жылға жуық салынады.

Алдыңғы қатарлы арнайы экономикалық аймақтарды дамыту тәжірибесі аймақтағы жобалардың сындарлы бөлігі қажетті инфрақұрылым құрылысы аяқталғаннан кейін 6 – 8 жылдан кейін толтырылатынын көрсетеді.

2013 жылы жүргізілген талдау шеңберінде Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды одан әрі дамыту, ілгерілету және басқару үшін отандық арнайы экономикалық аймақтардың даму қарқынының төмендігін және қызметінің әлсіз тиімділігін сипаттайтын мынадай себептерді жою (жетілдіру) қажет екендігі анықталды:

арнайы экономикалық аймақтардың біркелкі институционалдық дамымауы;

арнайы экономикалық аймақтарда кластерлік салалық даму саясатының айқын пайымының болмауы;

инфрақұрылым объектілерінің құрылысын қаржыландырудың жеткіліксіздігі және уақтылы аяқталмауы;

арнайы экономикалық аймақтардың қызметін реттейтін заңнамада арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жеңілдікті салық салу бөлігінде олқылықтар мен коллизиялардың болуы.

Аталған проблемаларды шешу үшін, сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды одан әрі дамыту, тікелей инвестицияларды тарту және экспортты ілгерілету мақсатында 2014 жылдан бастап 2019 жыл аралығындағы кезеңде заңнаманы жетілдіру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, оның ішінде 2019 жылғы 3 сәуірде "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңына қол қойылды, онда мемлекеттік шараларды алу рәсімін оңайлату, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық жеңілдіктер беру және басқалары көзделген.

Жаңа Заң арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуінің негізгі проблемаларын шешуге, атап айтқанда, олардың толтырылуына, оның ішінде қандай да бір арнайы экономикалық аймақ қызметінің басым түрлеріне жататын жобалармен, қосылған құны жоғары өнім шығару жөніндегі жобалармен толтырылуына; жер учаскелерін бөлу және инфрақұрылымдық құрылыстар салу мерзімін ұзартумен; шетелдік инвесторларды аймақтарға

тартумен; арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар менеджментінің нашар болуымен байланысты проблемаларды жоюға бағытталған.

Қабылданып жатқан шараларға және қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту әлеуеті толық ашылмаған, бұл оларды одан әрі дамыту үшін перспективалар ашады.

Сонымен қатар, ағымдағы мынадай өзекті проблемаларды атап өту қажет:

бірқатар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылымы іс жүзінде аяқталған жоқ;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың базалық инфрақұрылымын салу кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі, сондай-ақ жеке капиталдың әлеуеті іс жүзінде пайдаланылмайды;

шағын өндірістерді орналастыру мүмкіндігі жоқ (шағын өндірістер үшін де, өз зауыттарын салуды талап етпейтін қызмет түрлері үшін де дайын өндірістік үй-жайлар жоқ, мысалы, IT);

барлық индикаторлар қолданылу мерзімінің соңына дейін белгіленген, алайда арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамытудың үш жылдық кезеңге арналған қысқа мерзімді стратегиялары жоқ.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды одан әрі дамыту мақсатында:

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар инфрақұрылымының құрылысын аяқтау;

инфрақұрылым объектілерін техникалық жарамды күйде ұстау үшін оларды басқарушы компаниялардың басқаруына беру;

тиімділіктің төмен болуының нақты себептерін айқындай отырып, жұмыс істеп тұрған әрбір арнайы экономикалық және индустриялық аймақ үшін ревизия жүргізіп, тиімділігін бағалау және инфрақұрылымдық, кадрлық және экспорттық әлеуетті іске асыру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі шеңберінде, базалық инфрақұрылым салуға да, дайын өндірістік үй-жайлар салуға да жеке капиталды тарту жөніндегі жұмысты күшейту;

әрбір арнайы экономикалық және индустриялық аймақтың үш жылдық кезеңге арналған даму стратегиясын әзірлеу және бекіту;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жаңа арнайы экономикалық аймақтар құруға мораторий енгізу;

арнайы экономикалық аймақтардың салалық шектеулерін алып тастау мәселесін қарау қажет.

Арнайы экономикалық аймақтарды одан әрі дамыту, тікелей инвестицияларды тарту және экспортты ілгерілету мақсатында 2019 жылы "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда мемлекеттік шараларды алу рәсімін оңайлату көзделген.

2019 жылы Дүниежүзілік Банктің институционалдық қолдауымен индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган және индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты кластерлік саясатты іске асыру үшін әдіснамалық негіз әзірледі.

Конкурстық негізде алты пилоттық аумақтық кластер іріктелді: Қарағанды облысында (құрылыс кластері), Шымкент қаласында (фармацевтикалық өнімдер өндіру кластері), Алматы қаласында (жиһаз өнімдерін өндіру кластері), Қостанай облысында (ұн тарту кластері), Ақмола облысында (сүтті қайта өңдеу кластері), Алматы облысында және Алматы қаласында (туризмді дамыту кластері).

Кластерлік тәсіл негізінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру әлемнің көптеген елдерінің даму стратегияларында кең таралған. Кластерлер өнеркәсіптік дамуға, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігіне жәрдемдесудің пәрменді құралы ретінде танылды.

Сондықтан кластерлік саясат өңдеуші өнеркәсіпті және өнімді көрсетілетін қызметтер секторын дамытудағы маңызды бағытқа айналуға тиіс.

Қазақстанда кластерлік саясатты өрістетудің қазіргі кезеңінде саясаттың тұжырымдамалық негіздерінен кластерлік бастамаларды қолдау бойынша практикалық іс-шараларға көшу межеленіп отыр. Дамыған елдердің практикасынан кластерлік бастамаларды қолдау тетіктерін тікелей қолдану стратегиясы Қазақстан өңірлерінің ерекше ортасын есепке алу және қалыптасқан кластерлік құрылымдарды шоғырландыру қажеттігі тұрғысынан қайта қаралуы тиіс.

### **3.2. Мемлекеттік қолдау шараларын бағалау**

Индустрияландыру жылдары Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін базалық жағдайлар жасалды, олардың негізінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға және жаңа индустриялық жобаларды іске асыруға, шығарылатын өнімнің көлемін ұлғайтуға және номенклатурасын кеңейтуге ықпал ететін индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін жүйелі қолдау жалғасуда.

Индустриялық-инновациялық жүйе құрылды және жұмыс істеуде, ол мыналардан тұрады:

1) мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті субъектілер (ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компаниялар және олардың өңірлік өкілдері мен өкілдіктері, ұлттық даму институттары);

2) индустриялық-инновациялық жүйенің инфрақұрылымы (арнайы экономикалық аймақтар, индустриялық аймақтар, технопарктер және т.б.)

3) қолдау құралдары.

Жалпы, мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілетті субъектілердің қолданыстағы жүйесі мен мемлекеттік қолдау шараларының спектрі дамудың әртүрлі кезеңдерінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің қажеттіліктерін қамтуға мүмкіндік береді.

2010 – 2018 жылдары өңдеуші өнеркәсіпті дамыту үшін негіз қалыптасты. Мәселен, 7,9 трлн. теңгеге 1250 жобаны іске асыру және Global-2000/ТҰК тізімінен 22 инвесторды тарту нәтижесінде өсудің жаңа нүктелері пайда болды. 35 кәсіпорынды жаңғырту, экономиканың жаңа бағыттары мен экспорттық және инновациялық әлеуеті жоғары жаңа тауарлардың пайда болуы арқылы тиімді базалық индустрия құрылды. Жеңілдікті және лизингтік қаржыландыру, үлестік қаржыландыру, жобаларды сараптамалық-технологиялық сүйемелдеу, "Астана" халықаралық қаржы орталығының инвестициялар тартуы, экспорттық әлеуетті дамыту, инновациялық гранттар және т.б. сияқты мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын өңдеуші өнеркәсіп секторларында кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы ахуал қалыптасты. Бұдан басқа, мамандандырылған факторларды дамыту үшін жағдайлар жасалды, оның ішінде Назарбаев Университетінің инновациялық кластері, "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластер технологияларын дамыту орталықтары, 6 аумақтық кластер, 13 арнайы экономикалық аймақ, 23 индустриялық аймақ және басқалары.

Индустрияландырудың екі бесжылдығының практикалық тәжірибесі, инновациялық және технологиялық дамудың әлемдік практикасында болып жатқан өзгерістер өнеркәсіптік дамуды мемлекеттік қолдау жүйесін одан әрі жетілдіру жолымен өңдеуші өнеркәсіптің бәсекелі артықшылықтарын одан әрі ынталандыру қажеттігін көрсетіп отыр.

Өңдеуші өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру барысында әлі күнге дейін әртүрлі мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы іс-қимылды үйлестірудің және келісудің жеткіліксіздігі байқалып отыр, соның салдарынан индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері мемлекеттік қолдау шаралары жөніндегі ақпараттың тапшылығын бастан кешіруде.

Қазіргі экономикалық жағдайда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау рөлінің артуы жұмсалған ресурстардың әсерін бағалауды қажет етеді. Бұл бірінші кезекте басқару нәтижесіне бағдарланудың болмауына байланысты. Мұны кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларында мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау үшін де, оның тиімділігін бағалау үшін де бірыңғай өлшемшарттардың болмауы да айғақтайды.

Бұл жұмыс қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 430 бұйрығымен бекітілген Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Қойылған мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізу нәтижелеріне байланысты шаралар тиімділігі жоғары, орташа және төмен деп жіктеледі. Әр құрал үшін өлшемшарттарға байланысты белгілі бір балдар беріледі, тиімділік дәрежесі солардың жиынтығымен айқындалады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шараларын беруді және оларды іске асырудың тиімділігін бағалауды мониторингтеу бойынша жұмыстарды үйлестіру салынған барлық қаражаттың тиімділігін бағалайтын, бағдарламалардың қайталануын болдырмайтын, өндірістік сектордағы жобалардың басымдығын қамтамасыз ететін бірыңғай үйлестірушіні айқындау қажет.

Мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің дұрыс құрылған жүйесі нәтижеге бағытталуы және мемлекеттік қолдау шараларын алушы үшін қарсы міндеттемелерді қамтуы тиіс. Экономиканың басқа салаларында ұштасқан өндірістер тізбегінің ілесімі дамуын айқындайтын тиімді кәсіпорындар, яғни өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілік әлеуеті бар синергиялық әсерді айқындайды. Индустриялық саясаттың барлық белгіленген аспектілері маңызды әрі өзара тығыз байланысқан және өнеркәсіпті табысты дамыту және экспорттық әлеуетті арттыру үшін жүйелі тәсіл мен қолда бар барлық құралдарды ақылға қонымды қолдануды талап етеді.

Негізгі қағидаттар: өңдеуші өнеркәсіптің кәсіпкерлік қызметінің неғұрлым перспективалы субъектілерін анықтау, сондай-ақ мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді және уақтылы бөлу мақсатында мемлекеттік қолдау көрсетудің нақты атаулылығы және әлеуметтік-экономикалық негізділігі болуға тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп теңгелік өтімділік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алу рәсімін оңайлатуды қамтамасыз ету керек.



Алдыңғы бағдарламалар іске асырылған кезеңде көрсетілген қолдау көлеміне қарамастан, жеке сектордың капиталы жеткілікті көлемде іске қосылған жоқ. 2 бесжылдық шеңберінде отандық қор нарығы мен халықаралық қаржы институттары бағдарламаны қаржыландырудың балама көздері ретінде тартылған жоқ. Осыған байланысты, шетел инвестицияларын және т.б. тарту үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан пәрменді шаралар қабылдау талап етіледі. Сондай-ақ, индустриялық-инновациялық дамуды іске асыруға тартылған негізгі қатысушылар, атап айтқанда: компаниялар топтары "Самұрық-Қазына" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы, "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қор алаңдары және Қазақстандық қор биржасы мен басқалар тарапынан қорландыруды тарту көлемі мен мерзімдері бойынша мақсатты нақты айқындау қажет.

Баламалы мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі ретінде, мысалы, квазимемлекеттік сектор компанияларының акцияларын жария сатудан түсетін түсімдер, екінші деңгейдегі банктердің қаражаты, қор алаңдарында және т.б. тартылатын қаражат мәселесі пысықталатын болады.

Өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялау үшін ынталандырудың жеткіліксіздігі өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда тау-кен өнеркәсібі инвестицияларды тарту үшін бұрынғысынша неғұрлым тартымды болып қалуына алып келді. Салыстыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2018 жылы тау-кен өндіру салаларына өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда (2,8 млрд. АҚШ долл.) 3,5 есе артық шетелдік инвестиция (9,7 млрд. АҚШ долл.) салынды, ал негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша тау-кен өнеркәсібі өңдеуші өнеркәсіптен (1,2 трлн. теңге) 3,6 есе (4,4 трлн. теңге) асып түсті. Бұл ретте, тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының неғұрлым тиімді шарттар бойынша сыртқы қаржы көздері есебінен қарыз алу мүмкіндігі бар, бұл Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы кредиттік ресурстардың құнымен де расталады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2015 – 2018 жылдары екінші деңгейдегі банктердің тау-кен өнеркәсібі үшін кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлеме 9,4 %-ды, ал өңдеуші өнеркәсіп үшін – 13,8 %-ды құрады. Осылайша, тау-кен өндіру және өңдеуші секторлар арасындағы қаржыландыру бойынша теңсіздік сақталуда.

Өз кезегінде, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері тарапынан міндеттемелердің ілесімі орындалуына айырбас ретінде өңдеуші өнеркәсіпті ынталандыруға мемлекеттік ресурстарды шоғырландырып, назар аудару және қор нарығының құралдары арқылы бірлесіп қаржыландыру мүмкіндіктерін

кеңейту арқылы ғана өңдеуші өнеркәсіптің экономикадағы тиімділігі мен маңыздылығын арттыруға болады. Ұлттық қор биржасында листингтің өтуі кәсіпорындар қызметінің мониторингі процесін қосымша жеңілдетуге, компаниялардың корпоративтік басқару деңгейін арттыруға және халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділікті ашуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау көрсету үшін қолданыстағы жобаларды конкурстық қағидат бойынша емес, өтініш беру қағидаты бойынша іріктеу сипаты бөлінетін мемлекеттік ресурстардың түпкілікті тиімділігіне тежеуші әсер ететін тағы бір маңызды фактор болып табылады, бұл бөлінетін қаражатты неғұрлым перспективалы жобаларға шоғырландыруға және оларды барынша қайтарыммен пайдалануға мүмкіндік бермейді, мұның өзі сектордағы бизнес субъектілерінің мардымсыз өсімінің, өңдеуші өнеркәсіп секторы жобаларының жоғары тәуекелді болуы мен капиталды көп қажет етуінің, сондай-ақ бюджет қаражатының қолжетімділік кезеңінің шектеулі болуының салдарынан жобаларды сараптау кезеңінің өту ұзақтығына байланысты.

Бұдан басқа, мемлекеттік қолдаудың ағымдағы жүйесі инновациялық және бизнес-құзыреттерді дамыту (бизнес-процестерді білу, ноу-хау, технология) сияқты бағыттарды, бірінші кезекте, өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарында жеткіліксіз дәрежеде қамтиды. Бизнесінің бәсекелік артықшылықтарының өсуін нақ осы құзыреттер қамтамасыз етеді. Тұтастай алғанда, инновацияларды қолдау шеңберінде жүйелі кемшіліктер байқалады: ғылым мен бизнестің өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі, корпоративтік секторда технологияларды қабылдаудың төмендігі, бірыңғай инновациялық және технологиялық саясаттың, бірыңғай ведомствоаралық үйлестірудің болмауы, мұның өзі бірдей міндеттерді шешудің қайталануына, қолдауға бөлінген қаражаттың шашырауына әкеп соғады.

Сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін мониторингтеу мен бағалаудың тиімділігі жеткіліксіз етіп түзілген жүйесіне байланысты қиындықтар бар. Қолда бар тетіктер осы бағытта жүйелі талдау жүргізуге мүмкіндік бермейді, индустрияландырудың өзекті мәселелері бойынша жаппай сауалнама жүргізу арқылы үнемі қоғамдық пікірдің жобасын біліп тұру жолға қойылмаған.

Мемлекеттік қолдау көрсету және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінде туындайтын мәселелерді практикалық тұрғыдан шешу кезінде кері байланыс тетіктерін жетілдіру талап етіледі.

Осылайша, индустриялық-инновациялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігін

арттыру және шоғырландыру өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін ынталандыруға және олардың жоғары технологиялы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру мен жеткізу жөніндегі әлеуетін арттыруға баса назар аудара отырып, индустриялық-инновациялық қызметті реттеу мен қолдаудың қолданыстағы тетіктері мен шарттарын сапалы тұрғыдан қайта жүктеуді және неғұрлым дәл икемдеу мен жетілдіруді талап етеді.

### **3.3. Индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясаттың халықаралық тәжірибесін талдау**

Егер халықаралық тәжірибеге жүгінсек, онда индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясатты ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі жалпы қағидаттар мен тәсілдерді атап өтуге болады.

#### **1. Индустриялық-инновациялық дамуды басқару жүйесі.**

Индустриялы елдердің өнеркәсіпті дамытуды мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымдары жалпы ұқсас.

Мыналар құрылымның негізгі элементтері болып табылады:

1) елдің бүкіл аумағында орталықтандырылған және теңгерімді өнеркәсіп саясатын жүргізуге мүмкіндік беретін, өнеркәсіпке мемлекеттік қолдау көрсету процесі мен шарттарын жүйелейтін және топтастыратын өнеркәсіптік саясаттың нақты заңнамалық реттелуі;

2) өнеркәсіпті, ілеспе көрсетілетін қызметтерді дамыту, сондай-ақ оларды сыртқы нарықтарда ілгерілету жөніндегі саясатқа жауап беретін орталық мемлекеттік орган (оның міндеттерінің тізбесіне мемлекеттің стратегиялық басымдықтарын ескере отырып, индустриялық-инновациялық даму саясатын әзірлеу, индустриялық-инновациялық жобалар мен өнеркәсіптік кластерлер үшін ынталандыру шаралары мен қолдаудың кешенді жүйесін құру, қолданыстағы өндірістерді кеңейту және жаңа өндірістердің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасауға бағытталған сауда саясатын жүргізу кіреді);

3) өнеркәсіптік даму қорларын немесе агенттіктерін қамтитын индустриялық-инновациялық дамуды қолдау институттарының үйлестірілген жүйесі;

4) мемлекет арнайы айқындаған, инвестициялар тарту және өнеркәсіптік ірі жобаларды іске асыру әрі жаңа салаларда өндірістер құру үшін өкілеттіктері бар ірі мемлекеттік немесе ұлттық жеке компаниялар;

5) іске асырылуына салалық министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары, стратегиялары мен бағдарламалары бағытталған бірыңғай ғылыми, технологиялық, инновациялық саясат.

2. Биржалық тауарларды (commodities) емес, қосылған құны жоғары тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына назар аудару.

Өз экономикасын ойдағыдай әртараптандырған елдердің (Ирландия, Канада, Вьетнам, Ботсвана, Сауд Арабиясы, Марокко) тәжірибесі мемлекеттік қолдау көбінесе өнімділікті арттыруға, адами капиталға, көлік-логистикалық инфрақұрылымға және технологиялар трансфертіне инвестициялар есебінен өңдеуші өнеркәсіптің қосылған құны жоғары секторлары мен тауарларына бағытталған кешенді экспортқа бағдарланған индустриялық саясатпен толықтырылатынын көрсетеді.

Ирландияда 2010 – 2016 жылдар аралығындағы кезеңде өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының өсімі 174 %-ды құрады. Бұған елде жүргізіліп жатқан бизнесті дамытуға бағдарланған мемлекеттік саясат ықпал етті. Атап айтқанда, елде қолайлы салық режимі жасалды. Компаниялардың құрылуына және олардың халықаралық нарыққа шығуына мемлекет қаржылық көмек көрсетеді.

Вьетнам өңдеуші өнеркәсіп өнімінің экспорты көлемінің айтарлықтай өсуіне тағы бір мысал болып табылады. Вьетнамда үкімет 2010 жылдан бастап экономикалық дамудың жаңа моделін ұсынды, оның шеңберінде өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтер секторын қайта құрылымдау жүргізілді. Бұл ретте жоғары технологиялы тауарлар өндірісін қолдауға баса назар аударылды. Мәселен, тікелей шетелдік инвестициялар көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берген қолайлы инвестициялық режим қалыптастырып, 135 өнеркәсіптік және экспорттық аймақ құрылды.

Канадада экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау жүйесі жолға қойылған. Бұл жүйенің түйінді элементтері:

канадалық компанияларға көрсетілетін шет елдердегі нысаналы нарықтарды зерттеу және іріктеу бойынша консультациялық қызметтер (экспортқа шығуға дайындық, нарықтық әлеуетті бағалау, network анықтау және туындайтын проблемаларды шешу);

MY TCS онлайн платформасы – нарықтық ақпаратқа және бизнес мүмкіндіктеріне қол жеткізу;

CanExport бағдарламасы – канадалық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экспорттық операциялардың ауқымды спектрін қаржылай қолдау: шағын және орта кәсіпкер – экспорттаушыларды 5 жыл бойы

тікелей қаржылай қолдау түрінде 50 млн. долларға дейін беру, кез келген сектордың компаниясын қаржыландыру, шығындардың 50 %-ын өтеу;

халықаралық ынтымақтастықты құру немесе кеңейту үшін бизнес қауымдастықтарды қаржылай қолдау;

"Халықаралық саудадағы іскер әйелдер" бағдарламасы (Business Women in International Trade) – әлемдік нарыққа шығу мақсатында кәсіпкер әйелдер үшін нысаналы өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

Канадалық Технологиялық Акселераторлар (Canadian Technology Accelerators) – өсу қарқыны жоғары және әлемдік ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, таза технологиялар нарықтарына шығуға әзір канадалық компанияларға қолдау көрсету болып табылады.

Осылайша, экспортты әртараптандырудың түйінді локомотиві жеке сектор болып табылады, сондықтан мемлекеттер шағын ішкі экономикадан тыс сыртқы нарықтарға қол жеткізуді кеңейту арқылы олардың экспорттық мүмкіндіктерін дамыту және арттыру мақсатында өзінің кәсіпорындарын қолдайды. Көптеген елдерде өнеркәсіптің өсуі дамыған ірі нарықтарға қол жеткізуді (мысалы, экспорттық субсидиялар, салықтық демалыстар және қаржыландыруға қол жеткізуді жеңілдету) қамтамасыз ететін тиімді жағдайлар жасаумен байланысты болды. Дәл осы қосылған құны жоғары экспорт сапалы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндірісін ынталандырады, экономиканың даму қарқынын жеделдетеді, өңдеуші секторға шетелдік капиталдың ағынын қамтамасыз етеді және әлемдік шикізат нарықтарындағы бағалардың тұрақсыздығы жағдайында мемлекеттік бюджетке қаражат түсімдерінің көздерін әртараптандыруға ықпал етеді.

3. Қосылған құн жасаудың жаһандық тізбегіне кірігу арқылы халықаралық кооперация.

Қосылған құнды қалыптастырудың жаһандық тізбектері (global value chains) деп нәтижесінде экономиканың жаһандық сипатына қарай, әртүрлі елдерде әзірлеу мен өңдеудің әртүрлі сатыларынан өтетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге құн қосылатын (түпкілікті тұтынушының көзқарасы тұрғысынан) операциялардың дәйектілігі түсініледі.

Барлық дерлік елдер жаһандық қосылған құн түзу тізбегіне кіру мақсатын көздейді, бұл технологиялар трансфертіне мүмкіндік береді және елдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырады (Р. Каплински, Г. Гереффи, С. Иномата және т.б.), алайда дамушы елдер тарапынан еркін нарық қағидаларын сақтау – ең төмен құнға ең жақсы сапа ұсыну талап етіледі.

Өңдеуші өнеркәсіп салаларының жаһандық ойыншыларын тарту арқылы қосылған құн жасау тізбектерін дамыту.

Жаһандық қосылған құн жасау тізбектерінде трансұлттық компаниялар түйінді рөл атқарады. Жаһандануды жеделдету және қолжетімді шикізат көздерін, арзан жұмыс күшін, әлеуетті өткізу нарықтарын әлемдік бөлу салдарынан трансұлттық компанияларға өндірістердің, зерттеулер мен әзірлемелер орталықтарының, өткізу нарықтарының географиялық тұрғыдан бөлек жұмыс істеуін қолдау тиімді болып шықты. Бұл ретте, негізгі құн тауарлардың физикалық өндірісінде емес, жоғары білікті еңбек ресурстары көп шоғырланған ғылымды қажет ететін салаларда құрылады.

Екінші жағынан, жоғары білікті мамандардың, өңдеуші өндірістерді қамтамасыз етудің ғылыми базасы мен инжинирингтік жүйесінің шоғырлануы қосылған құнның технологиялық тізбегіндегі ілгерілеуге құзыреттілікті арттыруға, яғни төменгі қайта өңдеу өнімдерінің өндірісінен орташа және жоғары өңдеу өнімдердің өндірісіне көшуге мүмкіндік береді. Осы санаттардағы өнімнің басты ерекшелігі өндірілетін өнімнің күрделілігі және оның бастапқы шикізатты пайдалануға тәуелділігі болып табылады.

Бағасы көбінесе сауда биржаларында қалыптасатын және "ауытқымалы" (fluctuating) болып табылатын бастапқы шикізатты тікелей пайдалану төмен бөлініс өнімдеріне тән болып табылады, осыған тәуелді мұндай өнімнің көлемі мен экспорты көбінесе сыртқы конъюнктураға байланысты және күрт көтерілуге немесе төмендеуге бейім.

Екінші жағынан, орташа және жоғары бөлініс өнімдері өз мәні бойынша неғұрлым тұрақты өндіріспен ерекшеленеді және бастапқы шикізаттың бағасына айтарлықтай тәуелді емес, себебі мұндай өнімнің өзіндік құнындағы қомақты үлес жоғары технологиялар мен ғылыми еңбекке тиесілі.

Сондықтан дамушы елдер "баға/сапа" өлшемшарты бойынша теңгерімделген трансұлттық компаниялар үшін пайдалы ұсыныстар жасауға ерекше көңіл бөледі. Дамыған ғылыми-технологиялық база құру, жоғары білікті кадрлардың меншікті базасын дамыту, халықаралық интеграциялық бірлестіктер шеңберінде мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, неғұрлым перспективалы сауда әріптестерімен сауда келісімдерінің жүйесін дамыту, сондай-ақ қосылған құн жасау тізбегін дамыту және ел ішінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру құралы ретінде кластерлік саясатты іске асыру жаһандық қосылған құн жасау тізбектеріне кірудің түйінді аспектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібіндегі өндірісті әртараптандыру және күрделендіру шеңберінде жұмыс істеп тұрған трансұлттық

компаниялармен ынтымақтастықты кеңейте отырып және жаңа трансұлттық компанияларды тарта отырып, жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне одан әрі кірігу қажет.

Қазақстан нарығында жұмыс істеп жүрген трансұлттық компаниялармен одан әрі өзара қарым-қатынасты дамыту Қазақстан Республикасының мүдделерін көздей отырып, өзара тиімді ынтымақтастық қағидаты бойынша құрылуы тиіс. Бұл өндірілетін өнімнің номенклатурасын кеңейту және ел экономикасын күрделендіру мен әртараптандыру мақсатында өндірісті тереңдету арқылы жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі уақытта ел аумағында бірқатар жаһандық трансұлттық компаниялар (мысалы, Arcelor Mittal, POSCO, LOTTE, Schneider Electric) жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Алайда, бұл компаниялар қазақстандық кәсіпорындармен ынтымақтастықта не төмен бөлініс өнімдерінің немесе ескірген өнімдердің өндірісінде жұмыс істейді не өзінің жемісті ынтымақтастығын енді ғана бастаған. Осының салдарынан қолданыстағы кооперацияны дамыту және тереңдету үшін трансұлттық компаниялармен ынтымақтастыққа қатысты салмақты әрі жоспарлы саясат жүргізу қажет. Кейіннен қосылған құн жасау тізбегі арқылы Boeing концерніне құрастыруға жеткізілетін титан қорытпаларын өндіретін "ПОСУК Титаниум" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қазіргі уақытта Қазақстанда жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кірігудің жарқын мысалдарының бірі болып табылады.

Трансұлттық жаңа компанияларды тарту да қойылған міндеттерге қол жеткізуде мемлекеттің мүдделеріне барынша сәйкес келетін сипатқа ие болуы тиіс, атап айтқанда, қосылған құны көп тауарлардың жаңа түрлерінің өндірісі және әріптес трансұлттық компаниялардың тауарларды бөлу жөніндегі құралдары (жолға қойылған өткізу арналары) арқылы әлемдік нарықтарға экспорттау.

Жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кірігу үшін жаһандық ойыншыларды тарту құралын енгізу.

Өзіндік өткізу арналары және жаһандық қосылған құн жасау тізбегінде үлесі бар өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы жаһандық көшбасшыларға назар аудару шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі негізгі міндеттердің бірі болуы тиіс.

Инвестициялық қызметті, сондай-ақ жаһандық қосылған құн жасау тізбегіне кірігуді жоспарлау басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын енгізу есебінен де жүзеге асырылатын болады. Бұл құрал кадрлық, технологиялық және шикізаттық (құрауыштары) қолжетімділікті, сондай-ақ экспорттық өткізу нарықтарын ескере отырып, ел аумағында оқшаулау үшін

неғұрлым перспективалы тауарлардың/тауарлық топтардың тізімін анықтауды болжайды.

Осы тауарлардың тізбесі мемлекеттің де, бизнестің де мүдделеріне толық жауап береді. Мемлекеттік мүдде бөлігінде басым тауарлар тауар номенклатурасын кеңейту, өндірісті әртараптандыру және күрделендіру мәселелеріне жауап беретін болады. Бизнес мүдделері бөлігінде тізбе даму және сыртқы нарықтарға шығу әлеуеті бар жаңа өндірістерді құруға бағдар болады.

Нарық ішінде қосылған құнды дамыту және экспортқа шығу үшін жаңа өндіріс түрлерін дамыту.

Сирек және жерде сирек кездесетін металдарды пайдалану электрондық өнеркәсіп, медицина, компьютерлік өндіріс және т.б. сияқты өте күрделі өндірістер мен өнеркәсіп салаларында қолданылады. Соның салдарынан сирек және жерде сирек кездесетін металдардан дайын өнімдер өндірісінің дамуы өнеркәсіптің технологиялық даму деңгейін айқындайтынын атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта жерде сирек кездесетін элементтерге әлемдік қажеттілік жылына шамамен 120 мың тоннаны құрайды. Алайда, жерде сирек кездесетін металдардың әлемдік нарығын іс жүзінде Қытайдағы өндіріс монополиялап алған. Қазірдің өзінде жерде сирек кездесетін металдар өнімдерін жеткізу бойынша әртүрлі шектеулер байқалуда, бұл басқа мемлекеттердің өнеркәсібіне өте жағымсыз әсер етеді. Осыған байланысты өз өнеркәсібінде жерде сирек кездесетін металдарды белсенді пайдаланатын әлемнің ірі экономикаларында (АҚШ, Ресей, Жапония, Германия) Қытайдан шығатын жерде сирек кездесетін металдар жеткізілімдеріне жоғары тәуелділікті азайту бойынша әртүрлі жоспарлар бар. Америка Құрама Штаттары мен Аустралия арасындағы сирек және жерде сирек кездесетін металдарды (неодим және тантал) қоса алғанда, пайдалы қазбаларды бірлесіп өндіру және қайта өңдеу туралы келісімнен Қытайға тәуелділіктен осылайша арылу мысалдарының бірін байқауға болады.

Тұрақты технологиялық прогресс жерде сирек кездесетін металдарға әлемдік сұранысты арттырады. Бұл ретте, жоғары бөлініс өнімдері де қосылған құны жоғары және технологиялық күрделілігі тиісті деңгейдегі өндіріс болып табылатынын атап өту керек.

Қазақстанда сирек және жерде сирек кездесетін металдардың минералдық-шикізаттық базасын кеңейтудің қомақты қорлары мен перспективалары бар. Республикада жерде сирек кездесетін металдардың өндірісі мамандандырылған кәсіпорындарда жүзеге асырылады.



Бүгінгі таңда сала, бірінші кезекте кен орындары орналасқан өңірлердегі инфрақұрылымды жақсартуға бағыттауға болатын инвестицияларға аса мұқтаж. Сирек және жерде сирек кездесетін металдардың минералдық шикізаты тиімді пайдаланылатын болса, Қазақстан ғылым мен техниканың заманауи салаларын дамыта, сондай-ақ жерде сирек кездесетін металдарды әлемдік нарықтарда өткізе алады.

2014 жылы Қазақстан Республикасында сирек және жерде сирек кездесетін металдарды игеруді дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған жоспары қабылданды, оның шеңберінде саланы реттеудің мемлекеттік жүйесін жетілдіру, заңнамалық-нормативтік қамтамасыз ету және саланы ғылыми-технологиялық дамыту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

#### **3.4. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібін дамытуға әсер ететін әлемдік дамудың негізгі үрдістері (жаһандық мегатрендтер)**

Өнімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті өркендету индустрияны дамытудағы жалпы әлемдік тренд болып табылады, мұның өзі мемлекеттік қолдау көрсетудің инклюзивті тәсілін көздейді.

Жаһандық экономикада жалдамалы жұмыскерлердің біртіндеп дербес кәсіпкерлер санатына ауысуына байланысты олардың үлесінің төмендеу үрдісі байқалады. Бұл шешімдер қабылдау үшін (*laissez-faire*) кәсіпкердің белгілі бір еркіндігін қамтамасыз етумен және мемлекеттік қолдаудың түсінікті әрі ашық жүйесіне кепілдік берумен, қосымша фискалдық ынталандырулардың енгізілумен сүйемелденеді.

Жаһандық орын алған әлемдік даму үрдістері өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға барынша әсер ететін негізгі мегатрендтерді танады, оның ішінде:

- цифрландыру базасында технологиялық даму;
- урбандалу;
- экономикалық қуатты Азия елдеріне қарай ығыстыру;
- жаһандандыруға қарсы өңірлендіру;
- интернет-қоғамдастықтардың өсіп келе жатқан ықпалы;
- жасыл экономика (*green economy*);
- өндірістің тұйық циклдары (*loop economy*);
- кооперация рөлін күшейту (*coop economy*);
- индустриялық-инновациялық дамудағы мемлекеттің рөлін күшейту.

Цифрландыру негізінде технологиялық даму. Цифрлық технологиялар адам өмірінің барлық салаларына және өндірістік процестерге белсенді енгізілуде. Бүгінгі күннің шындығына айналған заттардың өнеркәсіптік интернеті, бұлтты сервистер, 3D-баспа, толықтырылған және виртуалды шындық сияқты базалық цифрлық технологиялармен қатар кванттық сервистер, ақылды кеңістіктер,

биочиптер, нейрондық процессорлар, шекаралық есептеулер (Edge), толықтырылған талдау, тауарларды көзбен шолу арқылы және дауыстық іздеу сервистері, аралас шындық маңызды трендке айналууда.

Accenture деректеріне сәйкес 2030 жылы виртуалды фабриканың мынадай технологиясы таралады: өзін-өзі ұйымдастыратын және өзін-өзі қолдайтын фабрикалар, ақылды көрсетілетін қызметтер. Ал Gartner он жылдан кейін жасанды интеллект технологиясы (AI) барлық жерде таралады деп болжайды.

Сондай-ақ инфрақұрылым бұдан былай компанияларды дамытудағы тежеуші фактор болмайды. 5G, карбон нанотүтіктерінің, нейроморфтық микросхемалардың, кванттық есептеулердің кеңінен таралуы кәсіпорындар үшін шексіз мүмкіндіктер ашады.

Бұдан басқа, таяудағы онжылдықта ақылды киім мен материалдар кеңінен таралады.

Цифрлық технологиялар тек өнеркәсіпке әсер етіп қоймай, "кәдімгі" қаланың сипаттамаларын да өзгертеді. Мәселен, жаңа технологиялар адам болатын кеңістіктің мүмкіндіктерін кеңейтеді және "ақылды" өмір сүруге және жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мұндай технологияларға 4D-баспа, өзін-өзі қалпына келтіретін жүйелер, ақылды шаң, кремний аноды бар батареялар (сыйымдылығы кәдімгіге қарағанда әлдеқайда көп), стереодисплейлер, ұшатын дербес қозғалыс құралдары жатады.

Аталған трендтер цифрлық технологияларды өндіріске енгізу және дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың парадигмасын өзгертеді. Осыған байланысты, Қазақстанға цифрлық технологияларды өндіріске енгізу және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты күшейту қажет.

Цифрлық технологияларды белсенді енгізу кәсіпорындарға кастомизацияланған (дараландырылған) өнімді ұсыну арқылы бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге, жаңа өнімдерді нарыққа шығаруды айтарлықтай қысқартуға, өздігінен оңтайландырылатын, бейімделген және дербес өндірістерді құруға, ілеспе озық "ақылды" қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Урбандалу. Мегаполистердің, агломерациялар мен өсу полюстерінің өсіп келе жатқан рөлі қазіргі заманғы трендтердің бірі болып табылады. Ағымдағы үрдіс сақталса, 2030 жылға қарай әлем халқының 60 %-ы қалаларда тұратын болады.

Көші-қон процестерін жаһандық күшейту және білікті жұмыс күші мен инфрақұрылымды ірі қалаларда шоғырландыру Қазақстанға да тән. Орташа және жоғары технологиялы секторлар кәсіпорындарының көпшілігі урбандалған

"өсу нүктелерінде" шоғырланған. Түпкілікті тұтынуға байланысты секторлар ірі агломерациялардың айналасында шоғырланады. Қазақстанда іске асырылып жатқан басқарылатын урбандалу саясаты шеңберінде өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары республиканың қалыптасып келе жатқан агломерацияларында (Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе) басым дамытылады.

Экономикалық қуатты Азия елдеріне қарай ығыстыру. Әлемдік экономиканың даму үрдістері дамушы Азия нарықтары тарапынан сұраныстың бағытын өзгертеді. Азия елдеріндегі тұрмыс деңгейінің өсуі оның тарапынан сұранысы қымбат емес, бірақ түпкілікті тұтынудың сапалы тауарларын тұтынуға бағытталған орта топтың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай үрдіс қарапайым заттардың экономикасын дамытуға ықпал етеді.

Жаһандандыруға қарсы өңірлендіру. Жаһандандыруды қолдау бірте-бірте Азия өңіріне ауысуда, ал батыс елдері шектеу шаралары мен протекционистік саясатқа көбірек жүгінуде. Әлем елдер арасындағы жаһандық бәсекеден өңірлік блоктар арасындағы бәсекеге көшуде. Экономикалық қоғамдастықтар бойынша әріптес елдерге (Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және т.б.) қатысты "сауда соғыстарының" пайда болуы мен жалғасуы шарттарында Қазақстан үшін "оффшорлық өндірісті" құру және дамыту мүмкіндігі пайда болады.

Интернет-қоғамдастықтардың өсіп келе жатқан ықпалы. Интернет тыныс-тіршіліктің барлық дерлік салаларында интернет-қоғамдастықтар қалыптастыра отырып, тұрмысқа барған сайын дендеп енуде. Үлкен деректердің болуы (Big Data) интернет-қоғамдастықты бизнес пен жалпы экономиканың дамуының маңызды факторына айналдырады. Мемлекеттер арасындағы белгілі шекаралардың болмауы интернет-қоғамдастықтардың қызметін дәстүрлі тәсілдермен басқаруды қиындатады.

Жасыл экономика. "Жасыл экономикаға" көшу мәселелері зор маңызға ие бола түсуде, өйткені экологиялық проблемалардың өсуі – ауаның, жердің, судың ластануы – қазірдің өзінде климат пен адамдардың денсаулығына теріс әсерін тигізуде. Қоршаған ортаға зор зиян келтіретін өндірістерден бас тарту туралы шешімдер жаппай қабылдануда, тазарту құрылыстары мен жабдықтарын пайдаланбағаны үшін айыппұл санкциялары өсуде.

Өндірістің тұйық циклдары (loop economy). Өндірістің тұйық циклінің экономикасы табиғи ресурстардың сарқылуы мен қоршаған ортаның адамзат үшін қауіпті ластануы жағдайында неғұрлым өзекті бола түсуде. Мұндай экономика өндіріс пен тұтыну кезінде қоршаған ортада жинақталатын қалдықтардың түзілуін жоққа шығаратын материалдардың тұрақты айналымын

білдіреді. Бизнесінің мұндай моделі өндірілген тауарды кәдеге жарату және материалдарды өндірістік циклға қайтару жөніндегі шараларды алдын ала жоспарлау қажеттігін көздейді. Бұдан басқа, өндірістің тұйық циклі өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Кооперацияның рөлін күшейту (соор есопому). Кооперативтік экономика өз мүшелерінің әрқайсысын қолдайтын құрылымдағы жеке пайда алу құқығын мойындайды. Кооперативтік экономикада өнеркәсіптің, сауда мен коммерцияның басым бөлігі кооперативтік ұйымдар арқылы басқарылады.

Кооперативтік экономикада мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі өндірушілерге материалдар мен қызметтерді төмендетілген баға бойынша жеткізуге бағытталатын болады. Кооперативтік бизнес денсаулық сақтауды, заң қызметтерін және ауыл шаруашылығын қоса алғанда, бірінші кезекте қажетті тауарлардан бастап сән-салтанат заттарына дейін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің барлық түрлерін өндіретін болады. Бұл кәсіпорындардың барлығы коммерциялық кәсіпорындар ретінде жұмыс істейтін болады, бірақ пайда басшылар емес, мүшелер арасында бөлінетін болады.

Индустриялық-инновациялық дамудағы мемлекеттің рөлін күшейту. Қалыптасып отырған жағдайларда институционалдық, инфрақұрылымдық, қаржылық, фискалдық және өзге де қолдау түрлерін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ өңдеуші өнеркәсіпті инновациялық және технологиялық дамытуды ынталандыру мақсатында ғылыми-технологиялық дамудың нысаналы векторларына бастамашылық ету жолымен индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудағы мемлекеттің рөлі күшейтіледі.

### **3.5. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді реттелетін сатып алудың ішкі нарығының жай-күйін талдау**

Қазіргі заманғы экономикада реттелетін сатып алу іргелі стратегиялық рөл атқарады. Сатып алу тапсырыс берушілерді жабдықтау қағидалары ретінде қаралған кезең артта қалды. Қазір бірінші кезекке сатып алудың жүйе түзуші әлеуеті шықты, оның экономикалық мәні сұранысты экономикалық даму факторларына трансформациялаудан тұрады.

Мұқтаждықтарды қамтамасыз ету өңірлік өлшем шәкілі ретінде де, жалпыұлттық ауқымда да экономикалық өсудің драйверіне, іскерлік белсенділіктің акселераторына айналды.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (мемлекеттік сатып алу, ұлттық компаниялар мен холдингтердің сатып алулары, жер қойнауын пайдаланушылардың – мониторинг субъектілерінің сатып алулары) реттелетін сатып алуды талдау республика бойынша 2010 – 2018 жылдар аралығында жалпы сатып алу көлемінің 2,4 есе өсіп, жергілікті қамту үлесінің 48,2 %-дан

50,6 %-ға дейін өскенін көрсетті. Бұл ретте жергілікті қамтудың ең үлкен көрсеткіші 2014 жылға (жергілікті қамтудың үлесі – 63,2 %) келіп, 2015 жылы 5,7 %-ға күрт төмендеп, одан кейін жыл сайын төмендеді.

7-сурет. 2010 – 2018 жылдардағы реттелетін сатып алу және ондағы жергілікті қамту көрсеткіштерінің серпіні



Дереккөз: Ресми деректер

Отандық өнім берушілер үшін преференцияның күшін жою – бұл жергілікті қамту көрсеткішінің төмендеу себептерінің бірі. Қазіргі уақытта жергілікті қамту бойынша талаптар жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында ғана ішінара көзделген.

Преференциялық режимнен бас тарту Қазақстанның халықаралық экономикалық қоғамдастықтарға (Дүниежүзілік сауда ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ) кіруіне және қатысуына, халықаралық келісімдердің нормаларына көшуіне байланысты болды.

Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алуларда жергілікті қамту 2016 жылғы 54,5 %-дан 2017 жылы 26,6 %-ға дейін күрт төмендеді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша елдегі өңдеуші өнеркәсіп сомасы 2,9 трлн. теңгеден асып, тауарларды сатып алу сомасының 59,1 %-ын құрады.

Мұнай-газ секторы мен мемлекеттік мекемелердің жер қойнауын пайдаланушыларының сатып алуы өңделген тауарларды сатып алу сомасының шамамен 61,4 %-ын құрады, бұл ретте ондағы жергілікті қамтудың үлесі 13 %-дан аспайды. Аталған факт өндіріс құру және өнімді оқшаулаудың өсуі үшін әлеуеттің зор екенін көрсетеді.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы компанияларының тобы және Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, Солтүстік-Каспий операциялық компаниясы ерекше назар аударуға лайықты. 2018 жылдың қорытындысы бойынша сатып алу сомасы 9,6 трлн. теңгені (жалпы көлемнің 56,9 %-ы) құрады, оның ішінде тауарларды сатып алу сомасы 2,1 трлн. теңге (барлық тауарлардың 43,5 %-ы). Ондағы жергілікті қамту үлесі жалпы 60,7 %-ды құрады, ал ірі операторлардағы жергілікті қамту үлесі 7,3 %-дан аспайды.

8-сурет. 2010 – 2018 жылдардағы реттелетін тауарларды сатып алу және ондағы жергілікті қамту көрсеткіштерінің серпіні



Дереккөз: Ресми деректер

"Самұрық-Қазына" акционерлік қоғамы сатып алудың қазір қолданыстағы санаттық стратегиялары (жеңіл автомобильдер мен автобустар, медициналық

сақтандыру, электр энергиясы және т.б.) мысалында сатып алудың санаттық стратегиялары бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде, оны жалғастыру қажет.

Жобалардың ірі операторлары – Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, Солтүстік-Каспий операциялық компаниясы Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде тауарларды өндірушілермен және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен жұмыстар жүргізуде. Операторлар тапсырыс берушіге тұрақты бағдарланған өнім берушілермен ынтымақтастыққа ұмтылады, өнім берушілерге жоғары талаптар қойылады. Бұл ретте, ірі компанияларға тиісті өнімдер мен көрсетілетін қызметтер ұсынатын шағын және орта кәсіпкерлерді табу, сондай-ақ олардың біліктілігін бағалау, олармен операциялар жүргізу кезінде тәуекелді төмендету үшін қажетті ақпарат алу қиынға соғады.

Қазақстандық шағын және орта кәсіпкерлік тауарларын ілгерілетудің төмен деңгейінің себебі олардың өнімдерінің халықаралық стандарттар мен нормаларға, халықаралық нарықтарда қолданылатын сапа кепілдіктеріне (API, ASME, ISO, HACCP, CEN және т.б.) толық сәйкес келмеуі болып табылады. Кәсіпорындарға өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сертификаттау үшін қажетті техникалық құжаттаманы әзірлеуге жәрдемдесу жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылады. Мұндай жағдайларда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көптеген техникалық кедергілерге тап болады.

Ішкі нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, сондай-ақ өтпелі кезеңнің аяқталуға жақындағанына (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін) байланысты жергілікті қамтуды (ішкі нарықты) дамыту саясатын қайта қарау, яғни ішкі нарықты дамытуды қолдаудан таяу кезеңге экспортқа шығу әлеуеті бар ішкі нарықты орынды дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға және ынталандыруға көшу ұсынылады. Қысқа мерзімді перспективада өтпелі кезеңге арналған халықаралық келісім нормаларына қайшы келмейтін шараларды қарауға болады.

### **3.6. Индустриялық-инновациялық даму саласындағы күшті, әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау**

Индустриялық-инновациялық саясатты жүргізу күшті, әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді ескере отырып, жүзеге асырылатын болады, бұл мыналарды болжайды: қолда бар күшті жақтардың әлеуетін және мүмкіндіктерін пайдалану; жүргізіліп жатқан саясатты іске асыруға әлсіз жақтардың әсерін нивелирлеу; тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді жою үшін алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы үшін мүмкіндіктер:

1. Қазақстанның әлемнің екі ірі экономикасымен (Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы) көршілес болуы, сондай-ақ өңірлік интеграциялық бірлестіктер (Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы) шеңберінде олармен өзара іс-қимыл жасау өңдеуші өнеркәсіпті дамыту үшін қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің әлеуетті экспорты үшін өткізу нарығы ретінде елдердің 3 тобы қаралады. Қазақстандық өңделген өнімді өткізудің анағұрлым қолжетімді нарықтары Қытай мен Ресей болып табылады. Елдердің екінші тобы Өзбекстан мен Иран сияқты жылдам өсіп келе жатқан экономикалардан тұрады, олармен Қазақстанның ортақ шекарасы бар (атап айтқанда, Каспий теңізі бойынша Иранмен). Үшінші топқа барынша шалғай Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Пәкістан, Түркия, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктері кіреді.

Осыған байланысты, қолданыстағы мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін мемлекеттің негізгі міндеті жоғарыда көрсетілген елдердің нарықтарына өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің экспортын шектейтін кедергілерді алып тастау болып табылады.

Бұл үшін Қазақстан преференциялық сауда және еркін сауда туралы келісімдерін белсенді пайдаланатын болады, халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында шығарылатын өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесетін болады, сондай-ақ бірлескен өндірістерді құру мақсатында инвестициялық ахуалды жақсартатын болады. Қазақстанның әлеуетті әріптес елдердің жоғары және орташа технологиялы өндірістерін өз аумағында орналастыруға әлеуетті мүмкіндігі бар.

Қазақстанның инновациялық дамуының жеткіліксіз серпінін ескере отырып, технологиялар трансферті процестерін жеделдету үшін жаңа технологиялы орталық ретінде Қытаймен көршілес болу мүмкіндігін пайдалану қажет.

2. Азияның дамушы елдерінде күнделікті тұтынылатын сапалы түпкілікті тауарларға сұраныстың өсуі Қазақстан үшін осы санаттағы бәсекеге қабілетті тауарлардың өндірісін және экспортын кеңейтуге қосымша мүмкіндіктер береді.

Қытай мен Орталық және Оңтүстік Азияның дамушы елдері экономикаларының серпінді өсуі, соның нәтижесінде олардағы орта топтың өсуі күнделікті тауарларды тұтыну көлемінің ұлғаюына ықпал етеді және осы елдердің нарықтарында жоғары сұранысқа негіз болады.



3. Қазақстанда жедел урбандалу капиталдардың, сапалы жұмыс күшінің, инфрақұрылымдардың және тұтынушылардың өсу нүктелерінде, атап айтқанда, қалыптасып келе жатқан агломерацияларда (Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе) шоғырлануына ықпал етеді.

Қалыптасып келе жатқан "өсу нүктелері" бағытында халықтың ұтқырлығын жеделдету, тұтастай алғанда, Қазақстанның елдік бәсекелестігі ландшафтының өзгеруіне ықпал етеді. Қазақстанда урбандалу деңгейін арттыру ішкі нарықта бәсекеге қабілетті отандық өнімге, оның ішінде тамақ өнеркәсібіне, киім мен аяқ киім өндірісіне, үйге арналған тауарлар өндірісіне, жиһазға, тұрмыстық техникаға, құрылыс материалдарына және т.б. сұраныс туғызады.

4. Экономиканың өсуі және ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру өндірістік мақсаттағы тауарларға сұраныстың ұлғаюын генерациялайтын реттелетін сатып алу нарығына әсер етеді. Әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік сатып алу саясаты экономиканың нақты секторында инновациялар мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ынталандыруға бағытталған. Осыған байланысты, Қазақстанда жергілікті қамтуды арттыру үшін реттелетін сатып алу әлеуетін пайдалану мүмкіндігі бар.

5. Индустрия 4.0 шеңберінде цифрландыру мен жаңа технологияларды енгізу мүмкіндігі өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің өсуіне және шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Индустрия 4.0 Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіптің орташа және жоғары технологиялы секторларын қалыптастыру мүмкіндіктерін аша отырып, өндірістік модельдер мен бизнес-модельдерді трансформациялайды.

6. "Жасыл" энергетика мен цифрлық технологиялардың, электромобильдер, электроника мен гаджеттер өндірісінің дамуына байланысты жерде сирек кездесетін элементтерге деген әлемдік сұраныстың өсіп келе жатқанын ескерсек, Қазақстанның жерде сирек кездесетін металдардың, титанның, кремнийдің және т.б. бай табиғи қорлары базасында қосылған құны жоғары өндірістерді құруға трансұлттық компаниялар инвестицияларын тарту үшін әлеуетті мүмкіндіктері бар. Бұған жоғарыда көрсетілген өнімдердің негізгі өндірушілерінің (Қытай, Ресей, Үндістан және т.б.) нарықтарына жақындық та ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуы үшін негізгі қауіп-қатерлер мен тәуекелдер. Мынадай қауіп-қатерлер мен тәуекелдер барынша әсерін тигізетін болады:

1. Өңдеуші өнеркәсіпке тартылатын инвестициялар көлемінің жеткіліксіздігінен туындайтын "ерте индустриясыздандыру" қаупі.

Өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялардың өсу қарқынының серпіні тау-кен өнеркәсібімен салыстырғанда төмен күйінде қалып отыр. Сала ішінде инвестициялардың басым бөлігі дәстүрлі түрде металлургия мен мұнай өңдеуге бағытталады.

Осының салдарынан, республиканың өңдеуші өнеркәсібінде осы уақытқа дейін саланың өсу қарқынын жеделдетуді қамтамасыз ететін кәсіпорындардың сыни массасы пайда болған жоқ. Сонымен қатар, кәсіпорындардың сыни массасының және географиялық шоғырлануының болмауы толық циклды өндірістердің қалыптасуын және қосылған құн тізбегінің құрылуын күрделендіреді, әлсіз салааралық байланыстардың, агломерациялық әсерлердің болмауының, саланың технологиялық артта қалуының және т.б. себебі болып табылады.

2. Сыртқы нарықтарда өңдеуші өнеркәсіптің отандық өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, Қытай мен Ресейден әкелінген тауарлардың үлесі жоғары ішкі нарықтың шектеулі болуы отандық өндірушілерге қысым көрсетеді.

Қытай мен Ресейдің өндірістік жүйелері Қазақстан Республикасымен салыстырғанда едәуір дамыған және күрделі. Бұдан басқа, олар Қазақстан импортқа оның өз нарықтарына қол жеткізуі үшін кедергі жасайды. Мысалы, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қол жеткізілген уағдаластықтарға қарамастан, Ресеймен сауда-саттықта қазақстандық өндірушілер бетпе-бет келетін жосықсыз бәсекелестік фактілері әлі күнге дейін байқалуда.

Қытай ішкі нарыққа рұқсат беру жөніндегі арнайы шаралармен, сондай-ақ мемлекеттік сауда кәсіпорындарының кеңінен таралуымен байланысты кіруге зор кедергілер қолданады.

Тарихи тұрғыдан, қазақстандық нарықтың сыйымдылығы өңдеуші өнеркәсіп номенклатурасының басым бөлігінің өндірісіне қажетті ауқым әсеріне қол жеткізу үшін жеткіліксіз. Ағымдағы өндірістік модельдер кезінде ауқым әсеріне қол жеткізу үшін сыртқы нарықтардың қолжетімділігі сын көтермейді.

3. Қазақстанның экспорттық қоржынында технологиялық күрделілігі төмен тауарлардың үлесі жоғары, бұл технологиялық артта қалу қаупін ұлғайтады.

Қазақстандық экспорт номенклатурасының басым бөлігін төмен және орташа технологиялы секторларға жататын металлургия және мұнай өңдеу өнімдері құрайды, бұл Қытаймен, Ресеймен және Беларусьпен салыстырғанда Қазақстан экспортының технологиялық күрделілік деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

4. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібін цифрландыру деңгейі жеткіліксіз болып табылады. Қазақстан осы аспектіде даму деңгейі орташа елдер тобына

жатады, бұл "цифрлық дәуір" технологиялары артықшылықтарының бәрін пайдалануға кедергі келтіреді.

Цифрландыруды дамыту және жаңа технологияларды енгізу жұмыс күшінің біртіндеп босатылуына және қысқаруына алып келеді. Еңбек ресурстарының басқарылатын ағынын ұйымдастыру мақсатында жаңа кәсіптерге қайта оқытуды ұйымдастыру, кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Мүмкіндіктерді іске асыру және қауіп-қатерлерді төмендету үшін мынадай бірқатар күшті жақтар бар.

1. Соңғы онжылдықта елдің экономикалық саясаты өңдеуші өнеркәсіпке негізделген күйде қалуда.

Мәселен, индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өңдеуші өнеркәсіптің басым салалары айқындалды.

2. Өңдеуші өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау үшін даму институттарының жүйесі қалыптастырылды.

Бұл жүйе индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тетігі болып табылады.

3. Қазақстан елеулі минералдық-шикізат базасына ие, бұл өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жаңа жобаларды шикізатпен және базалық жартылай фабрикаттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, назар аударуды және қосымша ресурстарды шоғырландыруды талап ететін индустриялық-инновациялық саясатты жүргізуде мынадай әлсіз жақтар да бар.

1. Ресурстарды тиімсіз пайдалану елдің әлеуетті пайдасын төмендетеді.

Мемлекеттің индустриялық-инновациялық саясатын іске асыру үшін бөлінген қаржы ресурстары көбінесе мәлімделген басымдықтар мен индустрияландыру өлшемшарттарынан тыс пайдаланылады. Бұдан басқа, өңдеуші өнеркәсіпті жеткіліксіз қаржыландыру саланың төмен өсу қарқынының себебі болып табылады.

Қазақстанда басқа елдермен салыстырғанда өңдеуші өнеркәсіпке бөлінетін инвестициялардың үлесі төмен. Мысалы, Қазақстандағы жалпы қосылған құнға қатысты инвестициялардың үлесі 16,5 %-ды құрайды, ал Ресейде көрсеткіш 20 % болса, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде – 26 % деңгейінде.

2. Әртүрлі мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы іс-қимылдарды үйлестірудің және келісудің жеткіліксіздігі.

Мемлекеттік органдар мен даму институттары функцияларының қайталануы және артық функцияларының болуы байқалады, бұл оларды жоюды не жекелеген функцияларды бәсекелі ортаға беруді талап етеді.

Мемлекеттік органдар мен даму институттарының қызметі әлсіз үйлестірілген, бұл индустриялық-инновациялық саясатты іске асырудың тиімділігін едәуір төмендетеді.

3. Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру кезінде мониторингтің және кері байланыс тетіктерінің әлсіз жүйесі.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын іске асырудың сапалы мониторингінің болмауы қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер мен қолдау құралдарының тиімділігін объективті бағаламауға алып келеді. Сапалы мониторинг негізінде жүргізілген талдау қолданылатын қолдау құралдарының нәтижелілігін және оларды одан әрі жетілдіру жолдарын нақты айқындауға мүмкіндік береді.

#### 4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты: өңдеуші өнеркәсіптің ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігі.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады (1-кесте):

1) өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда нақты 1,6 есеге өсуі;

2) өңдеуші өнеркәсіп экспорт көлемінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,9 есеге өсуі;

3) өңдеуші өнеркәсіп негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге өсуі;

4) экономикалық белсенді 1000 адамға шаққанда өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың санын 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,5 есеге ұлғайту;

5) Экономикалық күрделілік индексі (Гарвард) 78-орыннан 55-орынға дейін (-0,31 балдан 0,14 балға дейінгі деңгейге) жоғарылату.

**1-кесте. Өңдеуші өнеркәсіптегі нысаналы индикаторлар**

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1.	Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің	өткен жылға %-бен	ҰЭМ СК	104,7	108,7	108,0	107,4	106,9	106,5	106,1	105,7	ИИДМ, ҰЭМ, СІМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині,
		2018		100,0	108,7	117,4	126,2	134,9	143,6	152,3	161,1	

	нақты өсуі	жылға %-бен										СИМ, ЦДИАӨМ, облыстарды ң, Нұр- Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларыны ң әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)
2.	Өндеуші өнеркәсіптің экспорт көлемінің өсуі	өткен жылға %-бен	ҰЭМ СК, Қаржымині МКК	101,1	107,9	109,4	109,7	109,8	109,8	109,3	109,7	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, СИМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ, облыстарды ң, Нұр- Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларыны ң әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)
		2018 жылға %-бен		100,0	107,9	118,1	129,5	142,2	156,1	170,7	187,2	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ, облыстарды ң, Нұр- Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларыны ң әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)
3.	Өндеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестицияларды ң нақты көлем индексінің өсуі	өткен жылға %-бен	ҰЭМ СК	119,7	56,8	131,4	123,9	119,3	116,2	113,9	112,2	ИИДМ, ҰЭМ, СИМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, СИМ, ЦДИАӨМ, облыстарды ң, Нұр- Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларыны ң әкімдіктері,
		2018 жылға %-бен		100,0	56,8	74,6	92,4	110,2	128,0	145,8	163,7	СИМ, ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, СИМ, ЦДИАӨМ, облыстарды ң, Нұр- Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларыны ң әкімдіктері,

												"Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)
4.	Экономикалық белсенді 1000 адамға шаққанда өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санын ұлғайту	2018 жылғы деңгейге, есе	ҰЭМ СК	1,00	1,07	1,13	1,20	1,26	1,33	1,39	1,52	ҰЭМ, ИИДМ, СИМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, СИМ, ЦДИАӨМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)
5.	Экономикалық күрделілік индексі (Гарвард) рейтингтегі орны	балл	Гарвард университетінің рейтингі	-0,31 (78-орын)	-0,25 (76-орын)	-0,18 (74-орын)	-0,12 (70-орын)	-0,05 (64-орын)	0,01 (61-орын)	0,08 (59-орын)	0,14 (55-орын)	ИИДМ, СИМ, ҰЭМ, СИМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, ЦДИАӨМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)

Бағдарламаның мақсаты мен нысаналы индикаторлары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес келеді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай 4 негізгі міндетті шешу қажет:

1) индустриялық кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру арқылы индустрияландыруды тереңдету.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2018 жыл (факт)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1	Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта бизнес өндірісінің көлемі	млн. теңге	ҰЭМ СК	3002036,4	3397880,5	3845920,0	4353037,4	4927022,5	5576692,4	6312026,9	7144321,5	ҰЭМ, ИИДМ, АШМ, Қаржымині, ЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері
2	Жаңа жұмыс орындарын құру	мың адам	ИИДМ	13,3	5	5,1	5,2	5,3	5,4	5,5	5,6	ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, Қаржымині, ЭМ, Еңбекмині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері

2) ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлардың өндіріс көлемін ұлғайту және номенклатурасын кеңейту.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2018 жыл (факті)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	

1.	Технологиялық күрделілігі орташа және жоғары тауарлар экспортының көлемі	млрд АҚШ долл.	ҰЭМ СК, Қаржымині МКК	11,6	12,0	13,4	15,0	16,9	18,9	21,1	23,6	ИИДМ, СИМ, АШМ, ЭМ, ЦДИАӨМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері
2.	Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша мемлекеттік ынталандыру шараларын алған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің саны	бірлік	СИМ	-	110	110	110	110	110	110	110	ИИДМ, СИМ, экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты (келісу бойынша)
3.	Арнайы экономикалық аймақ аумағында шығарылатын өнімнің көлемі	млрд. теңге	ИИДМ	637,5	525,5	772	1244,7	1935,1	2099,9	2952,1	3169,2	ИИДМ, "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері
4.	Өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша мемлекеттік ынталандыру шараларын алған кәсіпкерлер жобаларының саны	бірлік	ИИДМ	-	25	146	148	150	152	154	156	ИИДМ, "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)



5.	Еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік ынталандыру шараларын алған кәсіпорындар саны	бірлік	ИИДМ	42	50	67	73	79	85	91	97	ИИДМ, "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)
----	---	--------	------	----	----	----	----	----	----	----	----	---

3) базалық өндірістерді дамытуды ынталандыру және стратегиялық жобаларды іске асыру арқылы өнеркәсіптік қуаттарды ұлғайту.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

P/c №	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2018 жыл (факті)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1.	Базалық салалардағы жобалар саны*	бірлік	"QazIndustry" ҚИЭО" АҚ			-	1	2	2	1	1	ИИДМ, АШМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері
2.	Өңдеуші өнеркәсіпте жалпы қосылған құнның нақты өсімі	2018 жылға %-бен	ҰЭМ СК	100,0	103,5	116,4	129,3	142,2	155,1	168,0	180,8	ИИДМ, АШМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері

Ескертпе:

\* Базалық салалар деп қызметі неғұрлым жоғары бөліністі өнім өндіру процесінде кейіннен тұтыну үшін шикізат өнімін өңдеуге бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің салалары түсініледі.

4) өңдеуші өнеркәсіп салаларын технологиялық дамыту және цифрландыру.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	2018 жыл (факті)	2019 жыл (бағалау)	Болжам						Орындауға жауаптылар
						2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	
1.	Цифрлық технологияларды пайдаланатын өңдеуші өнеркәсіптегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі	%	ҰЭМ СК	0	3	5	7	11	15	19	23	ИИДМ, ЦДИАӨМ, АШМ, ЭМ, "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісу бойынша)
2.	Өңдеуші өнеркәсіптің инновациялық-белсенді кәсіпорындарының үлесі	%	ҰЭМ СК	15,8	17,0	18,3	19,5	20,7	21,9	23,2	25,6	ИИДМ, ЦДИАӨМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)

##### 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Қазақстан Республикасының 2020 – 2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму саясаты сабақтастықты сақтайды және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында белгіленген ұзақ мерзімді саясатты ескере отырып, өңдеуші өнеркәсіпті одан әрі дамытуға назар аударылатын болады.

Қазақстанның жаһандық нарықтағы бәсекелестік позициясын күшейту үшін қосылған құны жоғары тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортына бағдарлана отырып, өнімділік пен сапаның өсуі өңдеуші өнеркәсіптің тұрақты және сапалы дамуының көрсеткіштеріне айналады.

Мемлекеттік саясаттың қолданылатын шаралары мен тетіктері қазақстандық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін ынталандыру жасауға бағдарланады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу мақсатында индустриялық-инновациялық саясат мынадай негізгі бағыттарды көздейтін болады:

1. Өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекелі артықшылықтарды тұрақты дамыту үшін одан әрі жүйелі жағдайлар жасау. Күш-жігер белсенді сауда саясатын жүргізуге, нарықтық және инновациялық ортаны, технологиялар трансфері жүйесін,

сапалы өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды, адами капиталды, құзыреттер орталықтарын, сынау және сертификаттау инфрақұрылымын дамытуға бағытталады.

2. Тиімді кәсіпорындарды баса ынталандыру. Тиімділік сыртқы нарықтарда тұрақты бәсекеге қабілеттілікпен өлшенетін болады. Осы бағыт шеңберінде кәсіпорындардың экспортқа бағдарланған даму және неғұрлым тартымды жағдайлар жасау моделіне көшуіне көмек көрсетіледі.

3. Үйлестіру, қаржыландыру және мониторинг процестерін неғұрлым дәл икемдеу жолымен индустриялық-инновациялық қызметті ынталандыру жүйесінің тиімділігін арттыру.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін дамытудың жүйелі және ынталандырушы саясаты жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық ұйымдарға мүшелігі шеңберіндегі міндеттемелері ескерілетін болады.

1. Өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекелі артықшылықтарды үнемі дамыту үшін одан әрі жүйелі жағдайлар жасау.

Мемлекеттік ынталандырудың жүйелі шаралары бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылатын және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің бәсекелестік артықшылықтары мен экспорттық мүмкіндіктерін орнықты дамытуға бағытталатын болады.

Бағдарлама шеңберінде ынталандырудың жүйелі шаралары экспортты ілгерілетуге жәрдемдесуге, техникалық реттеуге, метрологияға және стандарттауға, өңдеуші сектордағы инвестициялық ахуалды жақсартуға, технологияларды және инновацияларды дамытуға, өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды, сауда-өнеркәсіптік және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, интеграциялық саясатты (Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзідік сауда ұйымы) дамытуға, ішкі нарықты дамытуға және өзгелерге бағытталатын болады.

### **1.1. Экспортты дамыту және ілгерілету**

Осы бағыт шеңберінде мынадай шаралар қабылданатын болады:

1) Өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің экспортын ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тетіктерін күшейту.

Халықаралық қағидалардың нормаларына сәйкес экспорттық әлеуетті дамытуды, экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға арналған операциялық шығындарды азайтуды, сауда-экспорттық инфрақұрылымды дамытуды және экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды дамытуға жәрдемдесуді қоса алғанда, экспорттық саясатты іске асырудың барлық

кезеңдерінде өңделген экспортты қолдаудың көп деңгейлі жүйесін үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау қамтамасыз етілетін болады.

Сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуға жергілікті атқарушы органдардың белсенді атсалысуына баса назар аудару өңірлік экспорттық құзыреттілікті арттыруға және экспорттық әлеуетті дамыту мен ынталандырудың өңірлік экожүйелерін қалыптастыруға ықпал ететін болады. Жергілікті атқарушы органдардың базасында мемлекеттік ынталандыру шараларын, экспортты қолдаудың тиімді тетіктері мен құралдарын қолдана отырып, экспортты ілгерілету жөніндегі өңірлік үйлестіру орталықтары құрылатын болады. Осылайша қалыптасқан сыртқы экономикалық қызметтің толыққанды өңірлік инфрақұрылымы экспорттаушылар санының және өңделген экспорт көлемінің өсуін қамтамасыз етеді.

Ведомствоаралық үйлестіру өзара іс-қимыл шеңберінде құрылған орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың және мемлекеттік емес құрылымдардың қызметін үйлестірудің икемді жүйесі әрі оны тұрақты жетілдіру әлемдік және өңірлік саудадағы құбылмалы үрдістерге жедел ден қоюға және кейін ел ішінде де, нысаналы нарықтарда да экспорттаушыларды ынталандырудың кешенді және нақты шараларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бизнеспен сындарлы диалогты қамтамасыз ету және оны мемлекеттік ынталандырудың ауқымы мен түрлері туралы хабардар ету мақсатында экспортқа бағдарланған отандық компаниялардың мүдделерін шоғырландырылған түрде білдіретін салалық және өңірлік бизнес-бірлестіктердің қызметі үйлестірудің ұқсас қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мемлекеттің экспорттаушылармен тұрақты байланысын елде жалпыұлттық құзыреттілік пен институционалдық жадыны қалыптастыруға ықпал ететін, экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты қамтамасыз етеді. Сыртқы сауда қызметінің шаралары кәсіпкерлердің мүдделерін қозғайтын елдерде соңғылардың өңірлік экспорттық кеңестердің және салалық қауымдастықтардың жұмысына қатысуы арқылы бизнес-қоғамдастықпен келісіледі.

Бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасында өңдеуші өнеркәсіптің өндірілетін немесе өндіру үшін әлеуетті тауарларының құнын құрудың жаһандық тізбегіне кірігу мүмкіндігіне зерттеу жүргізілетін болады. Бұл үшін отандық өндірістің аралық тауарларын пайдалануға болатын дайын тауарларды өндіруге байланысты трансұлттық компаниялардың фирмааралық

трансшекаралық операцияларына талдау жүргізіледі. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша Қазақстанға ТҰК-ның деректерін нүктелі тарту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша нысаналы ТҰК тізбесі қалыптастырылып, ол құн жасаудың жаһандық тізбегіне кірігуді көздейтін ірі жобаларды іске асыру шеңберінде инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға одан әрі тарту және бірегей жағдайлар жасау үшін жіберіледі.

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы елдің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, экспортты ынталандырудың қаржылық шараларын көрсету бойынша дәйекті және келісілген іс-әрекеттерді жүргізуді жалғастырады.

Жоғары ведомствоаралық консультативтік орган – Экспорттық саясат жөніндегі кеңестің жұмысы тұрақты негізде жалғасатын болады. Экспорттық саясат жөніндегі кеңес өз өкілеттіктері шеңберінде халықаралық нарықтарда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экспорттық саясаттың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру жөніндегі функцияларды орындайды.

Экспорт отандық кәсіпорындардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін айқындау кезінде негізгі өлшемшарттардың біріне айналуға тиіс. Компанияның дайындық дәрежесіне байланысты бастапқы кезеңдерде де, барынша жетілген кезеңде де ынталандыру шараларын ұсыну бойынша сараланған тәсілді пайдалану болжанады.

## 2) Шетелде экспорттық инфрақұрылымның даму деңгейін арттыру.

Мемлекеттік ынталандыру шаралары шетелде экспортты ілгерілету арналарын дамыту процесіне коммерциялық ұйымдарды тартуға бағытталатын болады.

Коммерциялық ұйымдардың келісімшарттарды дамыту тәжірибесі бар және экспортқа дейінгі дайындықтан бастап нарықтарға шығуға және бекітуге дейінгі барлық кезеңдерде кәсіпорындарды сүйемелдей отырып, экспорттаушыларды кешенді қолдауды қамтамасыз етеді.

Аккредиттелген коммерциялық ұйымдармен жұмыс Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия елдерімен шекаралас өңірлерді де, сондай-ақ экспорт үшін әлеуетті аумақтарды да қамтитын нысаналы экспорттық нарықтарға байланысты болады. Бұл кедергілердің барлық түрлері, тұтынушылық артықшылық пен өнімге қойылатын талаптар бөлігінде осы өңірлердің нарықтарын түсінуді айтарлықтай жақсартуға көмектеседі.

## 3) Қазақстандық брендтерді дамыту.

Брендинг кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және оның экспорттық мүмкіндіктерін дамытудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекет сыртқы нарықтарда қазақстандық брендтерді дамытуға және ілгерілетуге қолдау көрсететін болады.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі кешенді шаралар халықаралық стандарттар шеңберінде жоғары сапа стандарттарын енгізу қабілеті басты өлшемшарт болып табылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру кезінде өндірістік инфрақұрылымды дамытуға, өнім сапасын жақсартуға, кадрларды оқытуға, нарықтардың талаптарын зерделеуге, маркетингтік белсенділікті қолдауға, өнімнің экспорттық нарықтарға кіруіне және қазақстандық брендтердің жағымды имиджін құруға баса назар аударылады.

Бағдарламаны іске асыру оны іске асыруға халықтың атсалысу дәрежесін арттыру және бағдарламаның әртүрлі қатысушылары арасындағы өнімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және жеке сектор арасындағы ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылады.

#### 4) Қазақстандық компанияларды акселерациялау бағдарламасы.

Индустриялық сектор компанияларының, оның ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мамандандырылған акселерациялау бағдарламасы іске асырылады.

Бағдарлама қазақстандық өндірушілердің экспорттық қабілетін үдемелі дамытуға бағытталған шаралар кешенін қамтитын болады: кәсіпорынды экспорттық дайындығы тұрғысынан тестілеу; өнімнің бәсекеге қабілеттілігін сараптамалық бағалау; тәуекелдер мен шығындарды азайту; сыртқы нарықтарға шығу жөніндегі жеке даму жоспарын және стратегияны әзірлеу және іске асыру; экспорттық қызметті масштабтау.

Кешенді ақпараттық-білім беруді қолдауды дамыту және көрсетілетін қызметтер сапасының жоғары стандартын қолдау үшін экспорттық қызмет мәселелері бойынша қазақстандық консалтингті дамыту жобасы іске асырылатын болады.

Жобаны іске асыру отандық консалтинг арасында ұлттық құзыреттілікті қалыптастыруға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады.

Экспорттық қызметті жүргізу мәселелері бойынша білім беру қызметтерін тұтынушылар өңірлерде экспорт бойынша мамандандырылған оқыту

бағдарламаларына, сондай-ақ өңірлік консультанттардың қалыптастырылған және аккредиттелген пулына еркін қол жеткізе алады.

5) Қаржылық және қаржылық емес қолдау мен шығындарды өтеу.

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары сауда мәмілелерін қаржыландыруды жалғастырады.

Тәуекелдерді сақтандыру бойынша сыйымдылықты одан әрі ұлғайту, ірі жеткізілімдер және/немесе мәмілелер бойынша қолдау көрсетілген мәміленің ең жоғары мөлшерін, халықаралық қаржы институттары мен шетелдік экспорттық-кредиттік агенттіктер тарапынан сенімді арттыру, сондай-ақ "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының қаржылық орнықтылығын қолдау мақсатында "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын одан әрі ұлғайту мәселесін пысықтау қажет.

Қазақстандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді одан әрі дамыту үшін "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының сақтандырып қорғауымен қамтамасыз етілетін халықаралық оң тәжірибені ескере отырып, шетелдік сатып алушылар үшін бәсекелі қаржыландыруды беру тетігі пысықталатын болады.

Сыртқы нарықтарға қол жеткізу шарттарын жақсарту мақсатында қаржылық емес қолдаудың қолданыстағы шаралары, оның ішінде өндірушілерге нысаналы қызметтер топтамасын қалыптастыруға баса назар аудара отырып, қайта қаралатын болады.

Мамандандырылған сауда-экономикалық миссиялар сияқты іс-шаралар қолданыстағы шектеулерді алып тастау және қазақстандық өнімнің сыртқы нарықтарға қол жеткізуінің жақсартылған шарттарын қамтамасыз ету үшін алдын ала пысықталып, мемлекеттік және жеке секторлардан қазақстандық сарапшылардың, импорттаушы елдің жауапты құрылымдарының, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған отандық экспорттаушылардың қатысуымен өткізіледі.

Экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты салалық басымдықтарды, бизнес үшін өзектілікті және оның жетілу дәрежесін, экспорттық әлеуетті дамытуға әсерін және экономикалық негіздемелердің болуын негізге ала отырып, тиімділік өлшемшарттары бойынша басымдыққа ие болатын экспортты қаржылық емес қолдау шараларының нысаналы топтамасын қалыптастыратын болады.

Экспортты қаржылық емес қолдау шараларының осы топтамасы клиентке бағдарлану қағидаты бойынша әмбебап, сол сияқты жеке тәсілдерді үйлестіре

отырып, кешенді сипатқа ие болады және экспорттық нарықтардың өзгермелі талаптары мен экономикалық саясаттың жаңа шарттарына бейімделудің жоғары дәрежесін қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне қарай өзектілендірілетін болады.

Бұл ретте, экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының күш-жігері мен қаражаты экспортты ілгерілетудің перспективалы бағыттарын, экспортты ақпараттық-консультациялық және промоутерлік қолдау тетіктерін дамытуға, қазақстандық өңделген өнімнің экспортқа шығуының барлық кезеңдерінде ұйымдастыруға тартылған құрылымдардың тиімділігін бағалау, қызметін үйлестіру және мониторингтеу жүйелерін енгізуге шоғырландырылатын болады.

б) Ұлттық интерактивті ақпараттық ресурс базасында экспорттаушылар мен импорттаушылар үшін бірыңғай терезе [www.export.gov.kz](http://www.export.gov.kz).

Экспорттық қызметке мүдделі қазақстандық кәсіпорындарды релевантты ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындардың шетелде танылуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының экспорттаушылары мен өңделген өнімді шетелдік сатып алушылар үшін ұлттық интерактивті ақпараттық ресурс [www.export.gov.kz](http://www.export.gov.kz) (бұдан әрі – портал) жұмыс істейтін болады.

Порталдың негізгі мақсаты – әлеуетті өткізу нарықтары және оларға қол жеткізу шарттары бойынша, өңделген өнім экспортын мемлекеттік ынталандыру шаралары бойынша өзекті ақпарат, ал ісін жаңадан бастаған экспорттаушылар үшін экспорттық қызметтің артықшылықтарын түсіндіру және экспорттаушы болу үшін қадамдық нұсқаулықтар беру.

Шетелдік сатып алушылар, өз кезегінде, портал арқылы тұтас Қазақстанның және жекелеген салалардың әлеуетімен танысуға да, қажетті қазақстандық тауар мен өндірушіні таңдауға да мүмкіндік алады.

## **1.2. Жобаларды қаржыландыру және лизингтік қаржыландыру**

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы және оның еншілес құрылымдары қаржы операторлары ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, қажетті қаражат көлемін алған жағдайда Бағдарлама шеңберінде кәсіпорындар үшін мынадай қолдау шараларын ұсынады:

1) қаржы институттары (операторлары – "Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамы, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы) арқылы кредит беру "Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамы және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының желісі бойынша банкаралық кредит беру арқылы жалғасады;



2) "Қазақстан даму банкі" акционерлік қоғамының желісі бойынша ұзақ мерзімді қаржыландыруды 7 – 10 жыл мерзімге, соңғы қарыз алушы үшін 11 %-дан аспайтын мөлшерлемемен жоба сомасының кемінде 20 %-ына, кәсіпорынның өзінің қатысуымен 50/50 бюджет қаражатын және коммерциялық қаражатты микширлеу жолымен жүзеге асырады;

3) жабдықты жаңартуға ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамы индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдауды ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлайтын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне ұсынады. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлерді қоспағанда) тікелей немесе жанама түрде тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері пайдалана алмайды.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды пайдалану кезінде лизинг нысаналарының жалпы құнының кемінде 15 %-ы мөлшерінде жобаны іске асыруға ақшалай қаражатпен қатысуды қамтамасыз етеді. Лизинг нысанасының құны кемінде 80 млн. теңге (жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін кемінде 50 млн. теңге) болуға тиіс. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру 10 жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Қаржы лизингінің шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесі өтініш беруші үшін 5 %-ды құрауға тиіс, бұл ретте бюджеттік кредитпен және "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының өзге қорландыру қаражатының арақатынасы 80/20 құрауға тиіс.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну көлемін ұлғайту мақсатында осы Бағдарламада айқындалған шарттарда өтелген лизингтік төлемдер есебінен ақша қаражатын қайта пайдалануға жол беріледі.

Бұл талаптар "Өнімділік 2020" бағдарламасы мен "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2011 – 2012 жылдары жасалған шарттарға да қолданылады.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамына құжаттар

топтамасын береді, олардың тізбесі "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының ішкі құжаттарымен бекітіледі. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну тәртібі мен мерзімдері "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының ішкі нормативтік актілерімен айқындалады.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі Индустриялық-инновациялық жобаны мониторингтеу туралы келісімге сәйкес еңбек өнімділігін ұлғайтады;

4) лизингтік қаржыландыру шеңберінде қолдау мынадай бағыттар бойынша ұсынылатын болады:

"ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының лизингтік қаржыландыру тетігі арқылы өрт сөндіру (өрт техникасы), санитариялық (медициналық жедел жәрдем) парктерді, шұғыл қызмет көрсету машиналарын (патрульдік автокөлік құралдары және жол полициясының мотоциклдері) жаңарту. Лизингтік қаржыландыру өрт сөндіру, санитариялық көліктерге, шұғыл қызмет машиналарына теңгемен беріледі: өрт сөндіру машиналары үшін 7 жылға дейін, медициналық жедел жәрдем көрсету автокөлік құралдары және жол полициясының патрульдік көлігі үшін 5 жылға дейін беріледі. Өтінім берушілер үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7 %-ды құрауы тиіс, бұл ретте бюджет қаражаты мен "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының өзге де қорландыру қаражатының ара қатынасы 50/50 құрауға тиіс. Аванстық төлем жергілікті бюджет қаражаты немесе лизинг алушының өз қаражаты есебінен кемінде 15 % құрайды (лизингтік төлемдерді республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеген жағдайда аванстық төлемсіз қаржыландыруға жол беріледі);

автобустар, тракторлар мен комбайндар паркін жаңарту. Автобустарды, тракторларды мен комбайндарды лизингтік қаржыландыру "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамы арқылы 7 жылға дейінгі мерзімге теңгемен беріледі, өтінім берушілер үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7 %-ды құрауға тиіс, бұл ретте бюджеттік қаражаты мен "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының өзге де қорландыру қаражатының ара қатынасы 50/50 құрауы тиіс. Аванстық төлем жергілікті бюджет қаражаты немесе лизинг алушының меншікті қаражаты есебінен кемінде 15 %-ды құрайды;

ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын, арнайы мақсаттағы автотехниканы (бұдан әрі – автокөлік құралдары) лизингке сатып алатын өтініш берушілерді лизингтік қаржыландыру өтініш берушілер үшін жылдық 3 % сыйақы мөлшерлемесімен 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамы арқылы теңгемен беріледі. Аванстық төлем

30 %-ды құрауға тиіс. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі негізінде лизингтік қаржыландыруға жол беріледі. Республикалық бюджет қаражаты лизингтік қаржыландыру көздері болып табылады.

Лизингтік қаржыландыруды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері, мемлекеттік мекемелер, жергілікті, орталық және мемлекеттік атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мекемелер, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар және мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорындары қолдана алады;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысы шеңберінде жылдық 15 %-дан аспайтын номиналды сыйақы мөлшерлемесімен қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және қарыздар бойынша міндеттемелерге (оператор "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы) кепілдік беру ұсынылатын болады. Бұл ретте, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының желісі бойынша осы құралдар мынадай шарттармен берілетін болады:

1) қарыз алушының бір жобасы шеңберінде кепілдік беру 3 млрд. теңгеге дейін қоса алғанда, кредит сомасының 50 %-ынан, 3 млрд. теңгеден жоғары 5 млрд. теңгеге дейін қоса алғандағы, кредиттер бойынша 20 %-ынан аспайды, кепілдік мерзімі – кредит мерзімінен аспайды;

2) екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша мөлшерлемесін субсидиялау: субсидиялау мөлшері – 6 %-ға дейін, кредиттің ең жоғары сомасы – шектеусіз, инвестицияларға субсидиялау мерзімі – 7 жыл, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жыл.

Тұтастай алғанда, инвестицияларды тарту бойынша әлеуетті лизинг алушылардың мүмкіндігін кеңейту және "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамының мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуды ұлғайту үшін осы бағыт шеңберінде жеке лизингтік компанияларды қорландыру мәселесі пысықталатын болады.

Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері "Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысы шеңберінде қолдау шараларын пайдалана алады.

### **1.3. Техникалық реттеу, метрология және стандарттау**

Тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қазіргі заманғы жүйелерді енгізетін өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының санын ұлғайту, техникалық реттеу, метрология, стандарттау саласында әртүрлі деңгейдегі мамандардың

біліктілігін арттыру үшін техникалық реттеу, метрология, стандарттау, аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы мамандарды Қазақстанның барлық өңірлерінде, оның ішінде техникалық реттеудің, метрологияның, стандарттаудың өзекті тақырыптары бойынша халықаралық сарапшыларды тарта отырып, халықаралық деңгейде оқытуды жалғастыру қажет.

Өңдеуші өнеркәсіпті ынталандыру мен дамыту және халықаралық деңгейде отандық өндірушілердің позицияларын күшейту мақсатында стандарттау жүйелерін жетілдіру және өлшем бірлігін қамтамасыз ету, тауарларды таңбалауды енгізу, саудадағы Техникалық кедергілер мен санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың базасында экспортты сүйемелдеудің сервистік моделін енгізу, өңдеуші өнеркәсіптегі сынақ және өлшеу мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ сынақтар мен өлшемдердің нәтижелерін халықаралық деңгейде тану үшін жағдайлар жасау бөлігінде құралдар белсенді пайдаланылатын болады. Автомобиль жасау өнімінің сәйкестігін бағалау жүйесін жетілдіру мақсатында техникалық хатшылық сәйкестігін бағалау типін мақұлдау нысанында өткізілген көлік құралдары мен шассиге арналған құжаттарды тексеруді электрондық түрде жүргізетін болады. Көлік құралдарын таңбалау үшін техникалық хатшылық көлік құралдарын жасаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын береді.

Экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту, сондай-ақ ұлттық метрологиялық инфрақұрылымды халықаралық тану үшін жаңа мемлекеттік эталондарды құруға және қолда бар мемлекеттік эталондарды жаңғыртуға, эталондар мен эталондық жабдықтарды ұстауға және оларға қызмет көрсетуге, сондай-ақ техникалық реттеу, метрология және стандарттау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге қажеттілік бар.

Ұлттық стандарттарды халықаралық үйлестіру саласында әртүрлі елдерде қойылатын техникалық талаптарда алшақтықтар тудыратын кедергілерді жоюға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Стандарттарды әзірлеу кезінде мемлекет кәсіпорындардың халықаралық талаптар мен нормаларға көшуін қамтамасыз етуге; отандық өнімнің бірінші кезекте сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға баса назар аударатын болады.

Халықаралық нарықта сынақтар мен өлшемдердің нәтижелерін тану үшін жағдай жасау мақсатында халықаралық талаптарды, оның ішінде сынақтар мен өлшем әдістемелерін ескере отырып, стандарттау жөніндегі құжаттарға жыл сайын сараптама жасау, ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды қабылдау қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте, әзірленетін ұлттық стандарттарды

іріктеу қағидаты қайта қаралатын болады, ол нақты талап ету және Бағдарламаның басымдықтарына сәйкес болу қағидаттарында құрылады. Осы мақсатта Стандарттау жөніндегі ұлттық орган стандарттарды олардың міндетті талаптарға (Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне) сәйкестігі тұрғысынан талдауды, стандарттарға сілтемелік нормалардың бар-жоғы тұрғысынан нормативтік құқықтық актілерді талдауды, экономика секторларында сатып алудың (мемлекеттік, квазимемлекеттік) ұлттық стандарттармен қамтамасыз етілуін талдауды жүргізетін болады, оның қорытындысы бойынша бірінші кезектегі тәртіппен әзірленуі/өзектілендірілуі, халықаралық стандарттармен үйлестірілуі қажет стандарттар тізбесі айқындалады.

Сондай-ақ, метрологиялық жұмыстарды жүргізуге және өлшем құралдарын қолдануға қойылатын талаптарды белгілеу бөлігінде өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнама талаптарына қарама-қайшылықтарды және сәйкессіздіктерді анықтауға арналған қолданыстағы және нормативтік құқықтық актілердің жобаларына метрологиялық сараптама жүргізілетін болады.

Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдар жұмыстарының нәтижелерін тану, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аумағында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен олардың өнімдерін еркін өткізу мақсатында Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдардың бірыңғай тізілімдері мен сәйкестікті растау құжаттары жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, саудадағы техникалық кедергілерді төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Аккредиттеу жөніндегі ұлттық органы аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарға мүшелікті қолдап, Аккредиттеу жөніндегі органның менеджмент жүйесін жақсартуы, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың біліктілігін ұдайы арттыруы және Қазақстанның барлық өңірлерінде, оның ішінде сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық сарапшыларды тарта отырып, сәйкестікті бағалау саласындағы мамандарды оқытуы қажет.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде интеграцияланған ақпараттық жүйені дамыту арқылы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажет.

Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды қолдану мониторингін жүргізетін болады.

Экономика салаларын жедел индустриялық дамыту үшін салалық зертханаларда, сынақ орталықтарында техникалық жарақтандырудың жаңа

деңгейіне шығу қамтамасыз етіліп, сапасы мен қауіпсіздігі бойынша жоғары көрсеткіштері бар стандарттар қабылданады.

#### **1.4. Өңдеуші өнеркәсіпке тікелей шетелдік инвестициялар тартуды ынталандыру**

Бағдарлама шеңберінде қолайлы инвестициялық ахуал жасау және өңдеуші өнеркәсіпке тікелей шетелдік инвестициялар ағынын ынталандыру жөніндегі жұмыс жалғасады. Үш деңгейлі жүйе құрылды: Қазақстан Республикасының шетелдік ұйымдары және "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының шетелдік өкілдері, орталық және өңір, мұның өзі әрбір деңгейде инвесторларды толық қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.

"KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы "бір терезе" шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан шетелдік инвесторлармен өзара іс-қимыл бойынша бірыңғай оператор болады.

Тұрақты негізде мынадай шаралар көзделетін болады:

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күш-жігерін шетелдік инвесторлармен жұмысқа нақты үйлестіруді жолға қою;

кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңнаманы, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте инвестициялық қызметтің қолданыстығы мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыру бөлігінде жетілдіру;

сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен шағын және орта бизнес арасында өндірістік-өткізу байланыстарын дамыту;

инвестициялық қызмет барысында туындайтын мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беретін инвесторлармен кері байланыс құралын әзірлеу;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық инвестициялық құқығы мен стандарттарына ұлттық заңнаманы сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

валюталық тәуекелдерді хеджирлеу/сақтандыру тетігін енгізу мүмкіндігін қарау;

кәсіби ағарту және ұлттық қор нарығының құралдары арқылы қаржыландыруды тарту мүмкіндіктерін насихаттау;

биржалық құралдар мен тікелей инвестициялар қорлары арқылы қаржыландыруды тарту;

меншікті қаржылық қатысу және қаржыландыру мөлшерлемесін төмендету бөлігінде Индустрия 4.0 элементтерін енгізе отырып, технологиялық жаңғыртуға бағытталған инвестициялық жобаларға қойылатын талаптарды төмендету;

инвестицияларды тарту саласында ұлттық институттың және "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының бірлескен жобалық командаларын құру жолымен өңірлік инвестициялық ахуалды жақсарту;

бірлескен жобаларды (Дүниежүзілік банк, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Азия Даму банкі және т.б.) іске асыру жөніндегі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыру.

Бұған қосымша венчурлік қаржыландыруды дамытуды қолдауға бағытталған шаралар қабылданатын болады, оның ішінде венчурлік қорларды құрудың жеке инвесторларымен бірлесіп, "QazTech Ventures" акционерлік қоғамының атынан мемлекеттің бірлесіп қаржыландыруы:

венчурлік инвесторларды ынталандыруға бағытталған заңнаманы жетілдіру;

қорды басқару кезінде венчурлік қорлардың басқарушы компанияларының/бас серіктестерінің қорғалуын арттыру және жауапкершілігінің аражігін ажырату;

пайданы бөлудің басым шарттарын және қорлардағы мемлекет үлесін мерзімінен бұрын сатып алу мүмкіндіктерін белгілеу арқылы жеке инвесторлардың венчурлік қорларға қатысуын ынталандыру;

заңнамаға венчурлік қорлардың портфельдік компанияларының жеңілдетілген және жеделдетілген банкроттығын көздейтін инвесторлардың венчурлік қорлардан шығу мүмкіндігін жеңілдететін өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Жарғылық капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру (операторлар – "Қазына капитал менеджмент" акционерлік қоғамы, "QazTech Ventures" акционерлік қоғамы):

1) "Қазына капитал менеджмент" акционерлік қоғамының желісі бойынша үлестік қаржыландыру кәсіпорындарға Бағдарлама жобаларын қаржыландыру мақсатына тікелей инвестициялар қорын құру арқылы берілетін болады.

Инвестицияларды/жобаларды түпкілікті алушылар үшін шарттар: қаржыландыру мерзімі 10 жылға дейін, "Қазына капитал менеджмент" акционерлік қоғамы қорының қатысуы 49 %-ға дейін, сыйақының түпкілікті мөлшерлемесі – 8 %-ға дейін, бір жобаға инвестициялардың мөлшері 1 млрд. теңгеден 5 млрд. теңгеге дейін;

2) "QazTech Ventures" акционерлік қоғамының желісі бойынша венчурлік қаржыландыру Бағдарламаның стартап жобаларын қаржыландыру мақсатында құрылатын венчурлік қаржыландыру қорлары арқылы берілетін болады. Қор мөлшері тең инвесторлардың салымдарына байланысты. "QazTech Ventures"

акционерлік қоғамының кемінде 20 %, тең инвесторлардың 50 – 75 %, венчурлік басқарушының қатысуы 1 – 5 %.

Инвестицияларды түпкілікті алушылар үшін шарттар: қордың әрекет ету мерзімі 10 жылға дейін, қаржыландыру мерзімі 2 жылдан 5 жылға дейін, мөлшерлеме көзделмеген (залалсыздық нүктесі), бір жобаға салынған инвестициялардың мөлшері қордың жалпы сомасының 20 % – 30 %-ынан аспайды.

### **1.5. Технологиялар мен инновацияларды дамыту**

Инновациялық экожүйе экспортқа бағдарланған өңдеуші өнеркәсіпті дамыту контекстінде қалыптастырылатын болады.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және инновациялық жүйені дамытуда бірыңғай тәсілдерді әзірлеу үшін ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті басқаруды жүзеге асыратын барлық салалық министрліктер мен ведомстволарды үйлестіру жүйесі құрылатын болады. Осы жүйенің жұмыс істеуі мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

1) Бірыңғай елдік ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты әзірлей отырып, жүйелі негізде елдік деңгейде технологиялық болжауды жүргізу.

Технологиялық болжауды инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган жыл сайын өзектілендіріп, бес жылда кемінде бір рет қорытынды шығара отырып, тұрақты негізде жүргізетін болады.

Технологиялық болжау қорытындыларын технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты инновациялық гранттарды беру бағыттарын айқындау кезінде, оның ішінде нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыру кезінде ескеретін болады;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жанынан ғылымды, технологиялар мен инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган ретінде Технологиялық саясат жөнінде кеңес құру.

Кеңестің жұмыс органы ретінде инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган айқындалды;

3) "Қазақстан өнеркәсібінің тау-кен металлургия және өңдеу салаларының кәсіпорындарын цифрландыру мен ақпараттық-технологиялық дамытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде тиісті жергілікті ғылыми-әдістемелік әлеуетті қалыптастыру және дамыту арқылы Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің тау-кен металлургия кешені мен қайта өңдеу салаларын технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу. Экономикалық қызметтің өндірістік



және жалпы салалық салаларын мақсатты және тиімді цифрландыру отандық және шетелдік әдіснамалар мен бағдарламалық-техникалық өнімдерді әзірлеу, жаңғырту және ықпалдастыру негізінде тау-кен металлургия саласы және өнеркәсіптің өңдеуші салаларында негізгі және қамтамасыз ететін процестер үшін "ІТ-тау-кен металлургиялық кешені" және "ІТ өңдеуші салалар" жоғары деңгейлі ақпараттық-технологиялық платформалар құру жолымен Бағдарламаның тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Бұл әлемдік нарық жағдайында салалар дамуының тұрақтылығы мен орнықтылығын, өнеркәсіптік және әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті, сондай-ақ жүйелі технологиялық жаңғыртудың орнықты процесін және озық қарқынмен еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі мен ақпараттық технологияларды цифрландыру және дамыту процесіне тартылған ірі және орта кәсіпорындардың үлесі артады;

4) Елдің ғылыми-техникалық және инновациялық даму серпінін талдауға, жүргізіліп жатқан саясаттың тиімділігін, оның ғылымның, технологиялар мен инновациялардың дамуына әсерін бағалауға, сондай-ақ іске асырылатын шаралардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін Инновациялық обсерватория құру.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде инновациялық экожүйені қалыптастыру кезінде әртүрлі даму институттары мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді Бірыңғай оператор жүзеге асыратын болады. Қазақстан Республикасының ғылымды қажет ететін экономикасын құруға бағытталған инновациялық стратегия әзірленеді, сондай-ақ бизнес-орта мен ғылым үшін бағдар ретінде салаларды инновациялық дамытудың неғұрлым перспективалы бағыттары айқындалатын болады. Бұдан басқа, Бірыңғай оператор инновацияларды дамытуды ынталандыру шараларының тиімділігін бағалауды және жетілдіруді жүзеге асыратын болады.

Ғылым мен бизнестің белсенді өзара іс-қимылына технологиялар трансферінің халықаралық желілерімен интеграциялануы ықпал ететін болады, ол бизнестің технологиялық қажеттіліктерін және т.б. енгізе отырып, жалпы қолжетімді бірыңғай дерекқор құру арқылы іске асырылады.

Трансұлттық компанияларды тарту шеңберінде бірыңғай оператор өңдеуші өнеркәсіптің экспортқа бағдарланған тауарларын өндірудің толық циклі бойынша қосылған құн тізбегін айқындайтын болады. Қосылған құн жасау тізбегіне қатысушылардың компанияларын қолдау бағдарламасы әзірленетін болады. Қатысушылардың өтінімдерін іріктеудің негізгі өлшемшарттары кәсіпорынның жүргізілген техникалық және қаржылық сараптамалардың

нәтижелері бойынша айқындалатын қаржылық орнықтылық, оның техникалық жарақтандырылуы талаптарына сәйкестігі болып табылады.

Инновациялық қызметке ынталандыру үшін венчурлік қорларды құру мен басқару және осы қорлардың инвестициялық саясаты жөніндегі қажетті нормативтік және әдіснамалық база әзірленеді.

Инновациялық инфрақұрылымды: жеке бизнес-инкубаторларды, коммерцияландыру кеңселерін, конструкторлық бюроларды, технопарктерді, технологиялық брокерлер желілерін, құзыреттер орталықтарын, бизнес-акселераторларды дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Инновациялық инфрақұрылымды құру кезінде жеке инвестицияларды, халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды көздейтін жеке бастамалар басымдыққа ие болады. Осыған байланысты бизнес-акселерациялау және бизнес-инкубациялау, стартаптарды қолдау жөніндегі ағымдағы бағдарламалар жалғасатын болады, сондай-ақ инновациялық қызметтің әртүрлі мәселелері бойынша бизнеске консультация беру, технологияларды дамыту және цифрландыру саласындағы құзыреттерді арттыру, инновацияларды танымал ету және бизнес ортада цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылады.

Атап айтқанда, мынадай бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда:

трансұлттық компаниялармен бірлесіп қаржыландыру үшін нысаналы аудару шартымен технологиялық даму орталықтарын (технологиялар/құзыреттер орталықтарын) құру және дамыту.

Технологияларды (құзыреттерді) дамыту орталықтары Қазақстанда жоғары технологиялы трансұлттық компанияларды оқшаулауды, өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін озық сервистік шешімдер мен платформаларды әзірлеуді және технологиялық сараптаманы, қазақстандық әзірлеушілер мен кәсіпорындардың мамандарын оқытуды және құзыреттіліктерін дамытуды ұйымдастыруды, өнімдер мен сервистерді сыртқы нарықтарға ілгерілетуді қамтамасыз етеді;

венчурлік қаржыландыруды және бизнес-инкубациялауды дамытуға жәрдемдесу;

инновациялық жобаларды ынталандыру жүйесін дамыту және инновациялық кластердің зәкірлік қатысушыларын тарту. Назарбаев Университетінің базасында бизнес-инкубациялау бағдарламасы, жобаларды бизнес-акселерациялау және Технопарктегі резиденттілік сияқты құралдарды көздейтін стартап жобаларды қолдау жүйесі жетілдірілетін болады;

Қазақстанның жоғары оқу орындарының индустриямен ынтымақтастығын дамыту;

5) кәсіпорындардың өнімділігін арттыруға алып келетін кәсіпорындарды технологиялық дамыту мақсатында өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары және аралас қызметтер үшін "QazTech Ventures" акционерлік қоғамы инновациялық бизнес-процестер құруды жүзеге асыратын болады. Осы мақсаттар үшін "QazTech Ventures" акционерлік қоғамының желісі бойынша мынадай қолдау шаралары ұсынылады:

3 жылға дейінгі мерзімге 50/50 республикалық және коммерциялық қаражатты микширлеу жолымен бизнес-инкубаторлардың операциялық шығыстарын өтеу арқылы бизнес-инкубациялауды дамытуға жәрдемдесу (бұл ретте, қаржыландыру лимиті 35 млн. теңгеден аспайды, бір бизнес-инкубаторға айына 5 млн. теңгеден аспайды);

80/20 арақатынасында республикалық қаражатпен жобаға өзінің қатысуын микширлеу жолымен 3 жылға дейінгі мерзімге гранттар беру арқылы бизнес-инкубаторлар жобаларын дамытуға жәрдемдесу (бұл ретте, қаржыландыру лимиті бір жобаға 50 млн. теңгеден аспайды, бизнес-инкубациялауды дамытуды қолдау шеңберінде: инновациялық саясат саласындағы уәкілетті органның қызметті конкурстық іріктеу және қолдау тәртібі бекітілетін болады);

шарт жасалғаннан кейін бір жыл мерзіммен технологиялық консалтинг ұсыну жолымен сараптамалық-технологиялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

прототиптерді әзірлеуге, тестілеуге, нарықты зерттеуге, техникалық-экономикалық негіздемелер дайындауға, жобалауға, технологиялық шешімдерді сатып алуға гранттар беру бойынша көрсетілген қызметтер (бұл ретте, қаржыландыру лимиті бір жобаға 9 млн. теңгеден аспайды);

бағдарламалық қамтамасыз етуді жалға алу жолымен "стартап", инвесторлар мен корпорациялардың өзара іс-қимыл жүйесі арқылы инновацияларды дамыту бойынша көрсетілген қызметтер (бұл ретте, жалға беруді қаржыландыру лимиті бірінші жылы 85 млн. теңгеден аспайды, келесі төрт жылда 60 млн. теңге);

жылына 106 млн. теңге қаржыландыру лимитімен мемлекеттік тапсырыс арқылы инновациялық қызметті талдамалық сүйемелдеу бойынша көрсетілген қызметтер.

Қызметтің жоғарыда көрсетілген барлық бағыттары технологиялық болжау нәтижелері негізінде Технологиялық саясат жөніндегі кеңес және Ұлттық инновациялық жүйенің бірыңғай операторы айқындайтын инновациялық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты түзетілетін болады.

## **1.6. Өнеркәсіптік және цифрлық инфрақұрылымды дамыту**

Арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтарды дамыту және тиімділігін арттыру, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау және соның нәтижесінде арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтар аумағында іске асырылатын жобалар санын ұлғайту жөніндегі жұмыс жандандырылады.

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының "Оқшауландырылған компаниялардың өзара байланысын қамтамасыз ету" деген 2.13-бастамасын іске асыру шеңберінде барлық басталған арнайы экономикалық аймақтар инфрақұрылымының құрылысы аяқталатын болады. Инженерлік және цифрлық инфрақұрылымның әлеуеті, қолжетімді адами капиталдың саны мен сапасы және қосылған құн жасаудың жаһандық тізбегіне интеграциялану мүмкіндіктері бойынша салынған және салынуы жоспарланған қолданыстағы арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігіне тексеру және қайта бағалау жүргізілетін болады.

Бұл ретте, индустриялық және кеңістікте дамытуды ұштастыру қағидатын іске асыру мақсатында ірі қалалар мен агломерациялар сияқты "өсу нүктелерін" өнеркәсіптік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, постиндустриялық экономикасы бар агломерацияларда (Нұр-Сұлтан, Алматы) аумақтық тұрғыдан қала маңы аймақтарында орналастырылатын, экспортқа бағдарланған жоғары технологиялы тауарлар мен көрсетілген қызметтер өндірісі даму басымдықтарының біріне айналады. Бұдан басқа, "өсу нүктелерінің" экономикалық мамандануы ескеріледі.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылым объектілерін, оның ішінде дайын өндірістік үй-жайлардың құрылысын аяқтау үшін мемлекеттік бюджет қаражатымен қатар, жеке инвестициялар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі де пайдаланылатын болады. Инфрақұрылымның дайын болуына қарай жер учаскелерін кезең-кезеңмен пайдалану енгізіледі.

**Аумақтық кластерлік дамуды ынталандыру**

Кластерлік саясатты іске асырудың белсенді кезеңі басталады. Осы кезеңде іріктелген 6 аумақтық кластерді дамыту және қолдау жөнінде қаржылық және қаржылық емес шаралар көрсетілетін болады.

Тұтастай алғанда, кластерлік саясат ел экономикасын жаңа технологиялық платформаға көшіруге, өнімділік деңгейі, қосылған құны мен өнімді және

көрсетілген қызметтерді қайта бөлу дәрежесі жоғары салаларды қалыптастыруға бағытталатын болады.

Аумақтық кластерлерді дамытуда өңірлік бизнес-қауымдастықтар мен жергілікті атқарушы органдар шешуші рөл атқаратын болады. Өңірлерде кластерлерді дамыту мен оларды инфрақұрылымдық және кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу өңірлік биліктің жауапкершілігі болып табылады.

Кластерлік қауымдастықтар өңірлердегі кластерлік бастамаларды дамыту орталығы болады, олардың қатысушылары өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары, сол сияқты сервистік кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, консалтингтік компаниялар, инжинирингтік кәсіпорындар бола алады.

2020 жылы индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты аумақтық кластерлерді дамыту процестерін сүйемелдеу жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Қазақстанда кластерлік саясатты одан әрі өрістету іріктелген аумақтық кластерлерге мемлекеттік қолдау көрсету тәртібін әзірлеу қажеттілігін негіздейді; кластердің дамуын біріктіретін және іске асыратын ұйымдар ретінде кластерлік қауымдастықтарды құру жөніндегі үлгі құжаттарды қалыптастыру; кластерлік процестің барлық қатысушыларына әдіснамалық және ақпараттық қолдау көрсету. Сондай-ақ өңірлер бөлінісінде кластерлік бастамалардың тізілімі қалыптастырылатын болады (өңірлерде кластерлерді анықтау немесе сәйкестендіру және кейіннен саралау), ол оқшаулауға тұрақты үрдісті көрсететін кластерлік топтардың қазіргі жай-күйін талдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әрбір нақты аумақтық кластерді дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары кластерлік ұйымдардың жұмыс істеуіне және ішкі және сыртқы нарықтарда өнімді ілгерілетуге бағытталған кластердің жобалық бастамаларын іске асыруға, кластерге қатысушылардың құзыретін арттыруға және басқа да ерекше бағыттарға бағытталатын болады. Осыған ұқсас шаралар Қазақстан тарапы құратын Еуразиялық технологиялық платформаларға қатысты жұмыс істейтін болады.

Бұл ретте, жаңа кластерлерді қалыптастыру мен дамыту және кластерлік бастамаларды қолдау шараларын жетілдіру туралы шешім алты аумақтық кластерді дамытудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау мен бағалау негізінде қабылданады.

Іріктелген алты кластерді дамытудың қазіргі кезеңінде және өңірлерде жүргізілген ақпараттық-консультациялық жұмыстың қорытындысы бойынша

кластерлік бастамаларды ресмилендіру қажет. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған аумақтық кластерді дамытуды әдістемелік, ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық және ақпараттық сүйемелдеуді жүзеге асыратын кластерлік ұйым аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарын әзірлеу және іске асырылуын сүйемелдеу, аумақтық кластерге қатысушылардың, сондай-ақ білім беру және ғылым мекемелерін, қаржы ұйымдарын, мемлекеттік компаниялар мен мемлекет қатысатын компанияларды, даму институттарын және мемлекеттік билік органдарын қоса алғанда, мүдделі ұйымдардың арасында өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді.

Аумақтық кластердің жобаларына кластерді дамытуға бағытталған және Аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыстар жоспарына енгізілген, үлестес емес компаниялар мен кластер ұйымдарының тобы бастама жасаған іс-шаралар жатқызылған.

Аумақтық кластерлердің жобалары мынадай іс-шараларға бағытталуы мүмкін:

1) кластерге қатысушылардың кооперациясы мен ынтымақтастығын қолдау және дамыту;

2) кластердің адами ресурстарын дамыту (тренингтер, біліктілікті арттыру және т.б.);

3) ішкі және шетелдік нарықтарда кластер мен кластер өнімдерін ілгерілету жөніндегі іс-шаралар (нысаналы нарықтарға миссияларды ұйымдастыру, көрмелерге және т.б. бірлесіп қатысу);

4) кластерді инновациялық-технологиялық дамыту (бірлескен өнеркәсіптік, маркетингтік зерттеулер не кластерге және т.б. қажетті өзге де зерттеулер жүргізу);

5) кластердің бизнес-климатын және ұжымдық пайдалану инфрақұрылымын құру жөніндегі іс-шаралар (зертханалар, құзыреттілік орталықтар, сервис орталықтары, шоу-румдар және т.б.);

6) кластер кәсіпорындары шығаратын өнімнің немесе ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру (стандарттарды әзірлеу және енгізу, сапаны бағалау және т.б.).

Қазақстан өнеркәсібінің және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган жетекшілік ететін экономиканың басқа да салаларының орнықты өсуі мен бәсекеге қабілеттілігіне технологиялық прогрессивті өнеркәсіп құру, кейін жаһандық нарыққа шыға отырып, жоғары технологиялы өнім жасауға бағдарланған жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың

негізгі қорларын трансформациялау және цифрландыру жолымен қол жеткізілетін болады. Осылайша, үлкен деректердің талдамалық платформасы іске қосылады, оның мақсаты цифрлық деректердің үлкен көлемін өңдеу және өндірістің, технологиялардың, жабдықтардың, тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сақтаудың, сатудың, жеткізудің әрқилы түрлерінің тиімділігін барынша арттыруға мүмкіндік беретін талдамалық нәтижелерді пайдалану болып табылады.

Өнеркәсіпте цифрлық технологияларды енгізуді белсенді ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясат мынадай бағыттар бойынша жалғасатын болады:

1) жүйе түзуші компаниялардың цифрландыру және автоматтандыру жобаларын одан әрі іске асыру;

2) өнеркәсіпті цифрландыру процесін ынталандыру және мониторингтеу үшін құқықтық жағдайлар мен реттеуді жақсарту;

3) жеке компанияларды цифрландыруды ынталандыру шараларымен қолдау арқылы өнеркәсіпте Индустрия 4.0 демонстрациялық жобаларын құру;

4) өнеркәсіпте Индустрия 4.0 технологияларын енгізуді мемлекеттік ынталандырудың қолданыстағы қаржы құралдарын өзектілендіру және жаңа қаржы құралдарын әзірлеу;

5) цифрлық трансформацияның талдамалық платформасын әзірлеу және енгізу.

Бұдан басқа, электрондық өнеркәсіпті дамытудың басым бағыттары ретінде "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттер, оның ішінде:

жүйелер үшін модульдер мен соңғы құрылғылар өндірісін дамыту;

жоғарыда көрсетілген жүйелерде қазіргі заманғы электрондық модульдер мен құрылғыларды өндіру үшін пайдаланылатын көп қатпарлы баспа платалары мен басқа да элементтер өндірісін дамыту іске асырылатын болады.

### **1.7. Сауда-өнеркәсіптік және интеграциялық саясат (Еуразиялық экономикалық одақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы)**

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде интеграциялық процестер тереңдегендіктен, Қазақстанның ұлттық мүдделерін сақтау мақсатында бірқатар шаралар қабылданатын болады:

қазақстандық өндеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігін ескере отырып, қосылған құнның жаһандық мемлекетаралық тізбегі базасында ұлттық өнеркәсіптік кешендердің кооперациясы процестерін жүзеге асыруда сараланған саясат жүргізілетін болады;

Еуразиялық экономикалық одақ пен Дүниежүзілік сауда ұйымының құқықтық алаңында болуды ескере отырып, сараланған субсидиарлық саясат жүргізіледі;

Еуразиялық экономикалық одақ нарығында (мүше мемлекеттердің нарықтарында) отандық тауарларға қатысты жосықсыз бәсекелестік фактілерінің мониторингі жүзеге асырылады және отандық кәсіпорындар үшін ықтимал әлеуетті тәуекелдерді бағалау негізінде жедел ден қою шаралары қабылданады;

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары қабылданады.

Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының тиімді жұмыс істеуі мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік кооперацияның, субконтрактация мен технологиялар трансферінің цифрлық экожүйесін құру жалғастырылатын болады. Бұл өндірістің ұйымдық құрылымының тиімділігін арттыруға және өнеркәсіптік өнімді әзірлеуге, өндіруге және сервистік қызмет көрсетуге, сондай-ақ технологиялық процестерді орындауға тапсырыстарды орналастыру жолымен отандық кәсіпорындардың өндірістік қуатын оңтайлы жүктеуге мүмкіндік береді.

Еуразиялық экономикалық одақты дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне қайшы келмейтін сауда-өнеркәсіптік және интеграциялық саясат саласындағы жүйелі шаралар мыналарды қамтитын болады:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ нарығы мен мүше мемлекеттердің нарықтарына тең қолжетімділікті ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің мемлекеттік сатып алуларына іс жүзіндегі қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) кедендік-тарифтік саясатты одан әрі жүргізу, сондай-ақ еркін сауда аймақтары туралы келісімдер мен Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдермен өзге де преференциялық келісімдерін жасасу жөніндегі қызмет Қазақстан өнеркәсібінің мүдделерін барынша ескере отырып жүзеге асырылатын болады;

3) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде сыртқы саудадағы кедергілерді алып тастау үшін шешімдер табу және мәмілеге келу жолымен белсенді сауда саясатын жүргізу. Отандық өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған экспорттаушыларының нақты қажеттіліктерін түсіну, сыртқы саудадағы кедергілерді анықтау және жою үшін олармен тұрақты диалог жолға қойылатын болады;



4) Еуразиялық экономикалық одақ органдарының кедергілерді жою бөлігіндегі шешімдерін орындамаған жағдайларда мүше мемлекеттерге ықпал ету жөніндегі тетіктерді әзірлеу. Сонымен қатар, бұл тетіктер нақты регламенттелуі және кедергілер бойынша қағидалар бұзылған жағдайда автоматты түрде іске қосылуы тиіс.

Салаларды жедел дамыту негізінде кооперациялық байланыстарды ұлғайту жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, кейіннен Еуразиялық экономикалық одақтың шекара маңындағы нарықтарына шыға отырып, қазіргі заманғы сауда инфрақұрылымын дамыту және қазақстандық сауда желілерін дамытуды ынталандыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

### **1.8. Ішкі нарықты дамыту**

Ішкі нарықты дамытуды мемлекеттік ынталандырудың жүйелі шаралары шеңберінде жергілікті қамтуды дамыту саласында жәрдемдесу бойынша индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институттың жұмысы күшейтілетін болады.

Машина жасау саласының өнімін шығаратын отандық кәсіпорындардың өндірісті жаңарту, жаңғырту, кеңейту бөлігінде технологиялық тұрғыдан айтарлықтай артта қалғанын атап өту қажет. Қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін өнімдері ірі кәсіпорындар импорттайтын өнімнің сапа деңгейіне сәйкес келуі, яғни халықаралық сапа стандарттарына және басқару менеджментіне сәйкес келуі тиіс өндірістерді басым тәртіппен дамыту қажет. Отандық өндірушілер шетелдік зауыттармен бәсекелесе алмайды, өз өнімдерін сервистік нарыққа жеткізудегі тауашаны иеленуге дайын емес.

Өндеуші өнеркәсіптің ішкі өндірісін дамыту бірқатар іс-шараларды іске асыру арқылы сүйемелденуі тиіс. Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ операторларының жобаларында мұнай-газ машиналарын жасауды, сондай-ақ Каспий маңы елдерінде (Әзербайжан, Түрікменстан, Ресей) жобаларға экспортты кеңейту, қатты пайдалы қазбаларды өндіру және металлургия саласындағы тау-кен машиналарын жасауды дамытудың айтарлықтай әлеуеті бар.

Ішкі нарықты толыққанды дамыту үшін қажетті шарт ғылыми-зерттеу және инженерлік-техникалық сектордың қызметтерін дамыту болып табылады, бұл елдің ішінде құзыреттілік пен кадрлық әлеуетті қалыптастыру мүмкіндігін бере алады, ол одан әрі өндірісті оқшауландыру үшін, оның ішінде сыртқы нарықтарға бағдарланған негіз болады.

Ғылыми-зерттеу және инженерлік-техникалық секторда көрсетілетін қызметтерді дамыту есебінен жинақталған білім мен қалыптасқан тәжірибе импортталатын өнімді оқшаулауда іске асырылуы қажет. Бұл үшін жеткізушілерді дамыту бойынша мықты бағдарламалары бар және логистикаға арналған шығыстар мен басқа да операциялық шығындарды төмендету үшін жергілікті деңгейде сатып алуды жүзеге асыруға табиғи қызығушылық танытатын жаһандық "зәкірлі" компанияларды құрылатын өндірістерге инвестиция құюға тарту көзделеді. Шетелдік капиталды:

1) келісімшарттық өндірістер құру;

2) бірлескен өндірістер құру;

3) ғылыми-технологиялық базаны, технологиялар трансфертін дамыту және жеке конструкторлық бюро қалыптастыру үшін орта және жоғары бөліністегі өнімдерді оқшаулау арқылы тарту ішкі өндірісті дамытудың перспективалы бағыттарына айналуға тиіс.

Қазақстанда өндірісті оқшаулау әлеуетін одан әрі дамыту үшін келесі қадам "мәжбүрлеп оқшаулауға" жүгінбей, өнім берушілердің жеке базасын толықтыра отырып, трансұлттық компанияларды жергілікті өндірушілермен ынтымақтастыққа тарту процесі, әлеуметтік жауапкершілікті көтермелеу және халықаралық стандарттарға бейімделуге және сыртқы өткізу нарықтарына шығуға қабілетті бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды дамыту болады.

Бұдан басқа, өндеуші өнеркәсіптің ішкі нарығын дамыту үшін мынадай жүйелі шаралар көзделген:

экономиканың стратегиялық маңызы бар секторларының орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған Еуразиялық экономикалық одақ және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде рұқсат етілген шаралар енгізілетін болады;

отандық өндірушілердің тауарларын сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шарттар мен оффтейк келісімшарттар жасасу. Бұл отандық өндірушіні ұзақ мерзімді тапсырыспен қамтамасыз ету кепіліне және тиісінше ішкі нарықтың тұрақты даму факторына айналады. Ірі жобаларды іске асыру кезінде тапсырыс берушілерге қазақстандық компанияларды әріптестер ретінде тарту жөніндегі талаптар қойылатын болады. Ұзақ мерзімді шарттар шеңберінде мәмілелерді сақтандыру тетігін енгізу жоспарланған;

ірі өндірістер айналасында технологиялық тұрғыдан байланысқан және сервистік қызметтер көрсету, жинақтаушы материалдар шығару және өндіріспен тұтыну қалдықтарын қайта өндеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шағын және орта кәсіпорындар құру жолымен өндірістерді оқшаулау. Оқшаулау

өндірісті одан әрі әртараптандыру және өнімнің қосылған құнын ұлғайту міндеттерін шешуде маңызды рөл атқарады. Бұдан басқа, оқшаулау ірі кәсіпорындарға елдің ұзақ мерзімді перспективада дамуына мүдделі инвесторлар ретінде өз позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді, ал шағын және орта кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, құзыреттер жиынтығын кеңейтуге және нәтижесінде өңірлік көшбасшылар болуға мүмкіндік береді;

өнеркәсіп кәсіпорындарына өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен жұмыс істеуінің орнықтылығына әсер ететін уақытша және/немесе тұрақты жағымсыз факторларды еңсеруге жәрдемдесу мақсатында қолайсыз өңірлерге көмек көрсету;

нарықты контрафактілік өнімдерден тазарту мақсатында ішкі нарықта өндірілетін өнімнің айналымын есепке алу мен бақылаудың озық цифрлық жүйелерін енгізу үшін жұмыс істеп тұрған өндірістерді технологиялық қайта жарақтандыру бойынша шаралар қолданылатын болады;

танымдық теле-, радиобағдарламалар және интернет-ресурстар арқылы отандық өнімді танымал ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы. Бұқаралық ақпарат құралдары бүгінгі күні адамдардың санасына әсер ету жағынан алдыңғы орындарда, әр үйде бар, тауарлар мен көрсетілген қызметтерге сол арқылы жарнама жасалады. Өңдеуші өнеркәсіпті ынталандырудың мемлекеттік шараларының тиімділігін арттыру үшін отандық өнімді танымал ету бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлескен түсіндіру жұмысын ұйымдастыру қажет;

өңделген өнімнің отандық өндірушісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтының базасында жеткізушілерді дамыту қызметін құру, бұл оған Қазақстан Республикасы экономикасының шикізаттық және өңдеуші секторларының ірі тапсырыс берушілері үшін әлеуетті өнім беруші болуға мүмкіндік береді. Қызмет шағын және орта бизнеспен олардың құзыретін арттыру, ұсынылатын тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен сенімділігі мәселелерінде ірі сатып алушылардың талаптарына сәйкестігі бойынша тығыз жұмыс істейтін болады, бұл ретте олардың тиісті ірі сатып алушылармен өндірістік-сауда байланыстарын дамытуға көмектеседі. Қызметтің жұмысы шағын және орта бизнестің экспорттық мүмкіндіктерін жақсартуға көмектеседі:

1) халықаралық сапа стандарттарына, сапаны басқару жүйелеріне көшуді қолдау және оларды пайдалануға жәрдемдесу;

2) нақты нарықтарда экспорттаушы кәсіпорындардың табысты жұмыс істеуі үшін қажетті арнайы білім мен дағдыларды қамтамасыз ету;

3) технологиялық жетілдіруге және қосылған құны бар өнімдерді жасауға жәрдемдесу, бұл экспортты одан әрі дамыту мен өсіру үшін әлеует туғызады;

ішкі нарықты дамыту кейіннен сыртқы нарыққа шыға отырып, импортты толықтыратын өндіріске бағытталатын болады. Мұндай өндірістерді ішкі нарықтағы сатып алу процестерінде қорғау көзделеді.

Мұнай-газ жобаларының операторларымен ("ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, Норт Каспиан Оперейтинг Компани, Теңізшевройл) жұмысты жалғастыру өңдеуші өнеркәсіптің ішкі нарығын одан әрі дамыту құралдарының бірі болады. Машина жасау саласында, сервистік компаниялар саласында қолданыстағы өндірістерді дамытуда және жаңаларын құруда бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар базасын, кадрлық әлеуетті дамыту, операторлар мен мұнай-газ компанияларының сатып алуы шеңберінде тендерлік рәсімдерді біріздендіру бойынша, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің бірыңғай дерекқорын құру бойынша жұмыс күшейтіледі.

Мұнай-газ жобаларының операторларымен жұмыс мұнай-газ саласындағы жобаларда тауарларда, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерде өңдеуші өнеркәсіпте ішкі нарықты дамыту бойынша қатысушылардың үйлестірілген іс-қимылына арналған алаң және жобаға қатысушылар (операторлар) арасындағы келіссөздердің тиімді құралына айналмақ.

Бұл шаралар ішкі нарықта жоғары технологиялы өнімнің болмауы, отандық өнім берушілер мен өндірушілерде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемінің төмен болуы проблемаларын шешуге көмектеседі.

#### Агломерацияларды дамыту

Елдің қалыптасып келе жатқан агломерацияларының дамуын назарға ала отырып, өңдеуші өнеркәсіптің тауарлары мен көрсетілетін қызметтеріне тұрақты өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мақсатында ірі қалаларға іргелес аумақтарда отандық өндірістерді дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе қалалары капитал, озық технологиялар, мәдениет, білім беру және медицина ұйымдары қалыптасатын агломерациялардың экономикалық белсенділігінің орталығына айналмақ. Мегаполистердің белсенді дамуы көші-қон ағындарының тартылу

алғышарттарымен байланысты. Агломерациялық процестерді дамыту тиімді мемлекеттік әкімшілендіруді талап етеді.

Урбандалудың қарқынды процесі көші-қон ағынын созуды қамтамасыз етуге қабілетті контрмагнит қалалардың агломерациялар орталықтарының айналасында қалыптастыру жолымен реттелетін болады. Контрмагнит қалалар өңірдің мамандануына сәйкес өндірістік қуаттарды орналастыру, логистика, ғылым қалашықтары, қызмет көрсету саласын, оның ішінде туристік-рекреациялық инфрақұрылымды дамыту орталықтарына айналады.

Ғылыммен тікелей байланысы бар неоиндустриялық экономиканың контрмагнит қалаларда дамуы жоғары технологиялы жұмыс орындарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Түпкілікті тұтыну тауарларын өндірумен байланысты өңдеуші кәсіпорындар (азық-түлік өнімдерін, сусындарды, тігіншілік бұйымдарын, жиһаздарды және басқаларды өндіру) агломерацияның өзінің де, іргелес жатқан облыстардың да ішкі қажеттілігін қамтамасыз етеді. Сауда-логистикалық хабтарды, қызметтер көрсету саласын және туристік-рекреациялық кешендерді дамыту экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттырады.

### **1.9. Білікті кадрлар даярлау**

Индустрия 4.0 үшін бірінші кезекте техникалық бейіндегі кадрларды тиісінше даярлау қажет. Басқаша айтқанда, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен техникалық жоғары оқу орындарының түлектері цифрлық техника, жасанды интеллект, жаңа материалдар мен энергетика, биоинженерия және т.б. сияқты мүлдем жаңа салаларда өзекті кәсіби құзыреттерге ие болуға тиіс. Индустрия 4.0 шеңберінде қазіргі заманғы өндірістің негізіне бұйымның өмірлік циклін басқару (Product Lifecycle Management – PLM), үлкен деректер (Big Data), ақылды өндіріс (Smart Factory), кибер-физикалық жүйелер (Cyber-physical systems) және т.б. сияқты факторлар жатады.

Отандық жоғары, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесі сұранысқа ие жаңа мамандықтарды/біліктіліктерді, оқытудың озық әдістерін ұсына отырып, сапалы түрде өзгертін болады, сол арқылы Индустрия 4.0 үшін түлектердің жаңа кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жұмыс берушілермен бірлесіп еліміздің жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу жалғасатын болады. Жұмыс берушілердің (кәсіптік стандарттардың) және WorldSkills халықаралық стандарттарының талаптарына бағдарланған дуальды оқыту жүйесіне негізделген икемді білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғасады.

Жұмыскерлер мен инженер кәсіптерінің беделін арттыру, еңбек дағдыларын дамыту, өңдеуші өнеркәсіп үшін құзыреттердің маңыздылығын көрсету мақсатында кәсіптік шеберлік чемпионаттарын өткізу жолымен Worldskills (Ворлдскиллс) қозғалысы дамытылады. Worldskills чемпионаттарына, оның ішінде халықаралық жарыстарға қатысушылар мен сарапшыларды даярлау үшін WorldSkills стандарттарына сәйкес кәсіптік дағдыларды одан әрі қалыптастыру үшін жаттығу лагерьлері ұйымдастырылады. Мұның бәрі әлемдік практикада белсенді қолданылатын білім беретін және өндірістік технологияларды салыстыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, кәсіпорындар үшін оқу және біліктілік іс-шараларының "портфелі" әзірленеді. Бұдан басқа, адами ресурстардың сапасын арттыру және тәжірибе беру мақсатында оқу орындары мен еңбек биржалары арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Қажетті мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру үшін өңдеуші өнеркәсіптегі тиісті кадрларға қажеттілік айқындалады.

Бағдарлама шеңберінде кәсіпорындарды жаңғырту және цифрландыру нәтижесінде жұмыстан босаған қызметкерлерді қолдау мақсатында жергілікті атқарушы органдар кәсіпорындармен бірлесіп келісілген саясатты әзірлейтін болады. Жұмыстан босаған қызметкерлерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету үшін Бағдарламаны іске асыру шеңберінен тыс жаңа жұмыс орындарын құруды (оның ішінде ірі бизнестің ұзақ мерзімді тапсырыстар беруі және өңірлер кәсіпорындарында талап етілетін өнімді игеруге өзге де жәрдем көрсету арқылы), қайта оқытуды және экономиканың басқа секторлары есебінен жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа да шараларын көздейтін бірлескен жол карталарын іске асыру болжануда.

Жүргізілген шетелдік зерттеулер өндірісті автоматтандыру және жаңа (цифрлық) технологиялар жұмыспен қамтудың өсу қарқынына айтарлықтай әсер етпейтінін көрсетеді. Сонымен қатар, жұмыспен қамту құрылымының өзгерісі байқалатын болады, ол когнитивті қабілеті дамыған және цифрлық тұрғыдан сауатты жоғары білікті жұмыс күшіне сұранысты бір мезгілде ұлғайта отырып, біліктілігі төмен жұмыс орындарын (яғни, біртектес, біркелкі функцияларды орындайтын қызметкерлерді) қысқартудан айқын көрінеді. Ол жаңа жабдықтар мен процестерді пайдалану үшін жұмыс істеп тұрған персоналды қайта даярлауға, сондай-ақ өнеркәсіптік автоматтандыру мен цифрлық технологияларға маманданған білім беру бағдарламаларының жетіспеушілігіне байланысты проблемаларды шешуге, жаңа формация – Индустрия 4.0 мамандарын даярлауға назар аударылып, ресурстар бағытталатын болады.

### **1.10. Өңдеуші өнеркәсіп секторларын дамыту**

Жоғарыда аталған шаралардан басқа индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының атынан бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, өңдеуші өнеркәсіптің неғұрлым перспективалы секторларын дамыту жөніндегі жол карталарын іске асыру, қажетінше өзектілендіру, мониторингтеу және іске асыру қорытындыларын шығару жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Неғұрлым перспективалы секторлар ретінде орташа және жоғары бөліністегі басым тауарлар тізбесінде (автомобиль жасау, ауыл шаруашылығы және мұнай-газ машина жасау секторы және басқалар) тауар топтары қамтылған өңдеуші өнеркәсіптің секторлары көзделеді.

Жол карталарын іске асыру секторлардың жүйелі проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде өңдеуші өнеркәсіптің орнықты дамуын және жалпы бәсекеге қабілеттілік деңгейін қамтамасыз етеді, оның ішінде кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің деңгейін арттырады, шетелдік инвестициялардың ағынын ұлғайтады және осы секторлар тауарларының сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз етеді.

#### **2. Тиімді кәсіпорындарды шоғырландырылған ынталандыру**

Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі шаралар, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімді сертификаттауға, ілгерілетуге жәрдемдесуге, өнім берушілер жүйесін дамытуға, аумақтық кластерлік бастамаларды іске асыруға, ынталандырудың қаржылық шаралары, арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтардың қатысушылары үшін жеңілдіктер кәсіпорындардың барлық топтары үшін ынталандырудың көлденең құралдары болып табылады.

Сабақтастықты сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік ынталандырудың барлық тікелей шараларын, сондай-ақ мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілетті субъектілер (мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық даму институттары) ұсынатын басқа да шараларды қолдану тәжірибесі жалғасады.

Бағдарлама шеңберінде қолдау шараларын акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған

кәсіпкерлерді қоспағанда) тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері пайдалана алмайды.

Бұл ретте, ұлттық басқарушы холдингтер, даму институттары беретін тікелей мемлекеттік ынталандырудың барлық шаралары жөніндегі шарттар Бағдарлама қоятын талаптарға сәйкес келетін болады. Перспективада экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда неғұрлым жеңілдікті субсидиялауды/кредит беруді көздейтін өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын ынталандырудың қосымша шараларын ұсыну мәселелері қаралады.

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын тікелей ынталандыру ісін жаңа бастаған кәсіпорыннан табысты кәсіпорынға дейін кәсіпорындарды дамытудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылатын болады. Бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың сыни массасын қалыптастыру арқылы олардың табиғи дамуын және бәсекелестікті ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, индустриялық саясатты іске асырудың отандық және әлемдік тәжірибесін ескере отырып, кәсіпорындарды "экспортқа бағдарланған" даму моделіне көшуге ынталандыру мақсатында мемлекеттік ынталандыру құралдары шараларының тізбесі кеңейтілетін болады.

Мемлекеттік ынталандырудың жаңа шараларын енгізуге байланысты қажет болған жағдайда нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Ұсынылған мемлекеттік ынталандыру шараларының тиімділігін бағалау үшін мемлекеттік ынталандыру шараларын алған кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп беру жөніндегі нормаларды қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік ынталандырудың тиімсіз шараларын анықтау мақсатында жоспарлау саласындағы мемлекеттік орган жыл сайынғы негізде мемлекеттік ынталандыру шараларының тиімділігіне талдау және бағалау жүргізеді.

Осылайша, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру жүйесінде қолдау шараларынан ынталандыру шараларына көшу жүзеге асырылатын болады, ресурстарды халықаралық бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан неғұрлым перспективалы тауарларға шоғырландыру мақсатында кәсіпорынның кемелдену деңгейіне қарай мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде кәсіпорындарды іріктеудің теңдестірілген қағидаты (өтініш беру немесе конкурстық) сақталатын болады.

Осы мақсаттарда индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган халықаралық тәжірибе негізінде қосылған құны жоғары және



өнімдік тұрғыдан күрделілігі орташа және жоғары бөліністердің перспективалы тауарларының тізбесін қалыптастырады. Бұл тізбе "commodities" сегментіне жататын тауарлар позицияларын (өндіріс пен сауда көлеміне сыртқы конъюнктура, атап айтқанда әлемдік биржалардағы шикізат бағасы зор әсер ететін шикізат, шикізат маңы позициялары) қоспағанда, ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін және қолдау шараларының шоғырлануын айқындайтын өңдеуші өнеркәсіптің салалары мен аяларын қалыптастыратын басым тауарлардан тұрмақ.

Операторлар өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарына мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсеткен кезде осы тізбені басшылыққа алатын болады.

Инвестицияларды тарту және қосылған құны барынша жоғары әрі ең көп өнімдік күрделілігі бар өндірістерді дамыту үшін өңдеуші өнеркәсіптегі ірі, капиталды қажет ететін жобаларды іске асыру мақсатында инвестициялар тарту тұрғысынан перспективалы тауарлар тізбесін білдіретін басым тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасы пайдаланылатын болады.

Ынталандырудың тікелей шаралары кәсіпорындардың үш нысаналы тобына – "Жаңа индустриялық ойыншылар", "Мықты тыл" және "Өсу драйверлері" қолданылатын болады. Көрсетілген нысаналы топтардың әрқайсысын ынталандыру бағдарламаның негізгі міндеттерін шешуге бағытталған.

Мемлекеттік ынталандыру үшін кәсіпорындарды іріктеу өлшемшарттары Бағдарламаның міндеттерімен және әрбір топ үшін ынталандыру мақсаттарымен тікелей байланысты болады.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдер шеңберінде, оның ішінде Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мемлекеттік ынталандырудың тікелей шараларын ұсынудың басты шарты оларды ынталандыру мақсаттарын ескере отырып, кәсіпорындар тарапынан ілеспе міндеттемелер қабылдау болып табылады.

Сондай-ақ кәсіпорындар тарапынан міндеттемелерді сапасыз және/немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілікті енгізу көзделген (қаражатты қайтару, өтемақы, айыппұлдар, өсімпұлдар). Бұл мемлекеттік ресурстарды жосықсыз пайдалануды болдырмауға, мемлекеттік ынталандыру мен кейіннен мониторингтеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өзара міндеттемелер мен кепілдіктерді белгілеу және іске асыру кезіндегі тараптардың өзара іс-қимылы, оның ішінде ынталандыру шараларын ұсыну "Мықты тыл" және "Өсу драйверлері" топтарының кәсіпорындары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның арасындағы бәсекеге

қабілеттілікті арттыру туралы келісімдер шеңберінде көзделетін болады. Келісім бойынша индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты оператор ретінде әрекет етеді.

Келісімдер мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында 5 жылдан басталатын мерзімге жасалып, мерзімін ұзарту мүмкіндігі көзделеді және кәсіпорындарға мемлекеттік ынталандыру шараларының кешенін ұсыну үшін негіз (рұқсат) болады. Келісімде:

кәсіпорынға индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты мен ұлттық басқарушы холдинг ұсынатын мемлекеттік ынталандырудың тікелей шараларының жеке құрамдастырылған топтамасы;

мемлекеттік ынталандырудың тікелей шараларының жеке құрамдастырылған топтамасы шеңберінде жыл сайын бөлінетін көлемі бекітілетін болады (бұл ретте, бөлінген қаражат мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына ұқсас секвестрлеуге жатпайды);

еңбек өнімділігін арттыру, шығарылатын, оның ішінде сыртқы нарықтарда сұранысқа ие тауарлардың номенклатурасын ұлғайту және "күрделілігін" арттыру, сондай-ақ жаңа өткізу нарықтарын игеру бойынша кәсіпорынның ілеспе міндеттемелері бекітілетін болады (бұл ретте, ілеспе міндеттемелер мемлекеттік қаржылық ынталандырудың ұсынылатын көлеміне сәйкес келетін болады және кәсіпорындардың қызметіне байланысты емес ықтимал тәуекелдерді ескеретін болады);

қабылданған ілеспе міндеттемелерді сапасыз не уақтылы орындамағаны үшін кәсіпорынның жауапкершілігі бекітілетін болады.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға дайын кәсіпорындар үшін іріктеудің конкурстық қағидаты ғана қолданылатын болады.

Келісімнің болуы кәсіпорынға мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілетті субъектілерге жүгіну және келісімде көзделген мемлекеттік ынталандыру шараларын алу құқығын береді.

Келісім жасау шарттарын, тәртібін айқындау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Бұл ретте, келісімнің кері күші болмайды және бұрын жасалған инвестициялық келісімшарттар мен басқа да келісімдердің күшін жоймайды.

Индустриялық қызметті қолдау саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен, бизнеспен, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, құн жасаудың жаһандық тізбегіне импортты толықтыруға негізделген өзара қатынастар моделін дамыту үшін

жоғарыда көрсетілген факторлар бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін және өндіріс перспективасы жоқ стратегиялық тауарлардың (шикізат пен жинақтаушы) тізбесін айқындайтын болады.

Қазақстан мен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің өнеркәсіптік әлеуетін айқындау мақсатында өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары үшінші елдерден импорттайтын тауарлардың тізбесін айқындау жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жүргізетін болады. Осы жұмыстың негізінде ұлттықтан жоғары деңгейде кедендік мөлшерлемелерді төмендету жөніндегі елдік ұсыныстарға бастама жасалатын болады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін тікелей мемлекеттік ынталандыру жүйесі орта және жоғары технологиялы өнімді өндіретін және экспорттайтын жаңа кәсіпорындардың пайда болуына ықпал ететіндей құрылатын болады және сол арқылы отандық кәсіпорындардың әлемдік нарықтарда сапалы "серпілісіне" және тиімді бәсекелестігіне жәрдемдесетін болады.

Орта және жоғары технологиялы өнім өндіру мен экспорттау жөніндегі, еңбек өнімділігін арттыру және ішкі нарықты дамыту жөніндегі кәсіпорындарды мемлекеттік ынталандыру шараларын индустрияны және экспортты дамытудың ұлттық институты көрсететін болады.

Халықаралық сапа стандарттарын енгізетін және жаңа нарықтарға шығатын кәсіпорындар бірінші кезекте мемлекеттік ынталандыру шараларын алатын болады.

### **Бірінші топ "Жаңа индустриялық ойыншылар"**

Бұл топқа өңдеуші өнеркәсіпте және аралас көрсетілген қызметтерде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер жатады.

Осы топтың кәсіпорындары үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың сыни массасына қол жеткізу, сондай-ақ ішкі нарықта бәсекелес ортаны дамыту үшін мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде іріктеудің өтініш беру қағидаты қолданылады.

Бұл ретте, мемлекет тарапынан құзыреттерді (бизнес-процестерді, ноу-хау, технологияларды білу) өсіру контекстінде, әсіресе, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда экономикалық және кәсіпкерлік мәдениет деңгейін арттыруға негізделетін орнықты және тиімді өндірістік қатынастарды одан әрі қалыптастыру мен дамыту, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру және халықаралық нарықтарға шығу мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

"Жаңа индустриялық ойыншылар" тобының кәсіпорындары үшін тартымды жағдайлар жасау үшін уәкілетті мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, даму

институттары мен басқа да ұйымдар және "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы:

сервистік қолдау көрсету, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпте 100 индустриялық бизнес-идеяны әзірлеу;

"Қазына Капитал Менеджмент" акционерлік қоғамының желісі бойынша жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасына ұқсас тікелей инвестициялар қорын құру жолымен ұзақ мерзімді жеңілдікті үлестік қаржыландыру (10 жылға дейін) бағдарламасын іске қосу;

венчурлік қаржыландыруды ұсыну;

өнім берушілердің экспортқа бағытталған жоғары технологиялы сегментін құру мақсатында компанияларды акселерациялау, инкубациялау бағдарламаларын іске асыру;

корпоративтік секторға инновациялық технологияларды интеграциялау мақсатында корпоративтік акселерациялау бағдарламаларын іске асыру, корпорацияларды бірлесіп қаржыландыру жағдайында корпоративтік R&D зертханаларын құру;

технологиялық дамуға, оның ішінде Индустрия 4.0 технологияларын енгізуге инновациялық ваучерлерді ұсыну бойынша шаралар қабылдайтын болады.

Технологиялық дамуға арналған инновациялық ваучердің мөлшері 20 мың еуродан аспайды, бұл оны алу үшін төменгі кіру кедергілерін болжайды. Технологиялық дамуға инновациялық ваучерлер беру жөніндегі қағидаларды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Технологиялық дамуға арналған инновациялық ваучер өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорнында инновациялық процестерді дамыту мақсатында прототиптеу, тестілеу, нарықтарды зерттеу, техникалық-экономикалық негіздемені дайындау, жобалау, цифрландыру жөніндегі жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеу мен басқа да зерттеушілік және консультациялық көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру үшін ұсынылатын болады.

Атап айтқанда, "Инновациялық технологиялар паркі" дербес кластерлік қорының базасында тау-кен металлургиясы саласы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлері бойынша сегмент құру жөніндегі жүйелі және кешенді бағдарлама іске қосылатын болады. Бағдарлама жаңа материалдар, аддитивті технологиялар, өнеркәсіптік жасанды интеллект және интернет-заттар, смарт-логистика сияқты экономиканың жаңа секторларында шағын және орта бизнесті құруға және дамытуға бағытталатын болады. Кластерге бірінші кезекте тау-кен металлургиясы кешені секторының қажеттіліктерін қанағаттандыру

үшін жұмыс істеуге құрылған немесе тартылған шағын және орташа компаниялар кіреді. Осылайша, мынадай жүйелі жұмыс жүргізілетін болады:

экономиканың жоғарыда көрсетілген секторларында ел ішінде және шетелде жұмыс істеп тұрған шағын технологиялы компанияларды іздестіру;

шағын технологиялық компанияларды бәсекеге қабілетті компанияларға инкубациялау және өсіру;

қосылған құнның жаһандық тізбегіне кіру және инкубацияланған шағын компаниялардың экспорттық әлеуетін дамыту үшін экономиканың жоғарыда аталған секторларының көшбасшыларын Қазақстан Республикасының нарығына тарту;

инновациялық технологиялар мен шешімдерге сезімталдықты дамыту, бизнес процестерді жетілдіру, әлемдік деңгейде тау-кен металлургиясы кешені секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында корпоративтік R&D зертханалар құру үшін Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының тау-кен металлургиясы кешенін трансформациялау және корпоративтік акселерациялау.

Ұзақ мерзімді жоспарда халықаралық стандарттар деңгейінде экономиканың жаңа секторларында өнім берушілерді дамыту өсудің орнықты моделін ұсынады, жоғары технологиялы қызметтер мен өнімдер бойынша тау-кен металлургиясы кешені секторындағы жергілікті қамтудың үлесін арттырады, экспорттық әлеуетті ұлғайтады және тұтастай алғанда ел экономикасы үшін өсудің жаңа нүктелерін құрады.

### **Екінші топ "Мықты тыл"**

Бұл топқа қызметін тек ішкі нарықта жүзеге асыратын және тұрақты салық төлемдері бар жұмыс істейтін кәсіпорындар жатады.

Осы топтың кәсіпорындары үшін мемлекеттік ынталандыру шаралары:

1) номенклатураны кеңейту, қосылған құнды ұлғайту және халық тұтынатын тауарларды қоса алғанда, қазақстандық өндіріс өнімдерінің сапасын арттыру тұрғысынан ішкі нарықта жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) перспективада сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті бола алатын кәсіпорындар пулын генерациялау мақсатында ұсынылатын болады.

"Мықты тыл" тобының кәсіпорындары "Жаңа индустриялық ойыншылар" тобы үшін көзделген шаралардан басқа:

сәйкестендіру құралдарын немесе материалдық тасығыштарды салуға арналған жабдықтарды сатып алуға және сәйкестендіру құралдарын сатып алуға арналған шығындарды өтеу (қолданыстағы);

экспорттық әлеуетті ынталандыру;

импорттаушылардың екінші деңгейдегі банктер беретін қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

экспортты ілгерілету саласында маркетингтік зерттеулер жүргізуді ынталандыру;

қазақстандық брендтерді ілгерілету, акселерациялау бағдарламасын іске асыру;

сыртқы экономикалық қызмет мәселелері бойынша оқыту шараларын пайдалана алады.

"Мықты тыл" кәсіпорындары үшін Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім жасаудың негізгі шарты жаңа өткізу нарықтарын игеру болады.

### **Үшінші топ "Өсу драйверлері"**

Бұл топқа тұрақты валюталық түсімі бар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар жатады.

Бұл топтың кәсіпорындарын ынталандыру экспортталатын тауарлардың номенклатурасын кеңейту және экспорттық қоржынның технологиялық "күрделілігін" арттыру үшін жүзеге асырылатын болады.

Осы топтың кәсіпорындары сыртқы нарықтарға шығу және ілгерілеу бойынша кешенді және синхрондалған көмек алады.

"Өсу драйверлері" тобының кәсіпорындарын неғұрлым тиімді ынталандыру үшін "Жаңа индустриялық ойыншылар" және "Мықты тыл" топтары үшін көзделген шаралардан басқа мынадай жаңа шаралар ұсынылатын болады:

өнеркәсіп гранты;

шетелдік сатып алушыларға тікелей кредит беру (соңғы мөлшерлемесі 3 – 5 % АҚШ долл.);

экспортты ілгерілету бойынша маркетингтік зерттеулерге арналған шығындарды өтеу;

сыртқы нарықтарда өнімді ілгерілету үшін халықаралық дилерлер мен дистрибьютерлерді тартуға арналған шығындарды өтеу.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім шеңберінде "Өсу драйверлері" тобы кәсіпорындарының ынталандыру шараларын алуы үшін екі шаралар топтамасы көзделген:

1) стандартты шарттарда мемлекеттік қолдаудың қаржылық емес шараларын, гранттарды, қаржылық шараларды (гранттар, кредит беру және лизингтік қаржыландыру) қамтитын қолдаудың стандартты топтамасы.

Бұл ретте, "стандартты топтама" бойынша қолдау жоғары өндірілген (4 және 5 рет өндірілген) өнім шығаратын (өндіруді жоспарлайтын) кәсіпорындарға беріледі);

2) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының желісі бойынша "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының жалғыз акционері бекітетін кешенді қолдауды (қаржылық және сервистік қолдауды, институционалдық, консалтингтік қолдауды (операциялық модель консалтингі) және өнімді өткізу нарықтарын іздестіруді) қамтитын "Ұлттық чемпиондар" топтамасы.

### **Төртінші топ "Ауырлық орталықтары"**

"Ауырлық орталықтары" тобының мақсаты Қазақстан Республикасында аналогы жоқ өнім өндірісін игеру, инвестицияларды тарту жолымен шикізатты қайта өңдеуді тереңдету, технологиялар мен құзыреттер трансферті, қосылған құнның жаһандық тізбегіне қосылу болып табылады.

Бұл топқа өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы жүйе түзуші және/немесе жоғары технологиялы кәсіпорындар, трансұлттық компаниялармен немесе капиталдағы ірі шетелдік инвестициялармен бірлескен жобалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты стратегиялық жобалар жатады.

Осы кәсіпорындарды ынталандыру "қолмен" режимінде жүзеге асырылатын болады. "Ауырлық орталықтары" тобы үшін мемлекеттік ынталандыру шараларының құрамдастырылған топтамасын ұсыну шарттарын қарауды және келісуді бизнестің ұсыныстары негізінде және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның үйлестіруімен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссиясы жүзеге асырады.

"Ауырлық орталықтары" тобының кәсіпорындарына мемлекеттік ынталандыру шараларының ұсынылған топтамасының орнына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, Қазақстан Республикасында аналогы жоқ өнім өндіруді игеру, шикізатты қайта өңдеуді тереңдету, кезең-кезеңмен оқшаулау, технологиялар мен құзыреттер трансферті, өңдеуші өнеркәсіпте капиталды қажет ететін және ғылымды қажет ететін жобаларды іске асыру жөнінде өзіне ілесіп міндеттемелер алу ұсынылатын болады.

Өндірілетін шикізатты сирек және жерде сирек кездесетін металдарды өндіру бөлігінде тиімді және кешенді пайдалану ілесіп міндеттемелердің нәтижесі болмақ. Түсті металлургия кәсіпорындарында сирек металдар өндірісін дамыту негізгі металдар (мыс, қорғасын, мырыш) өндірісінің дамуымен айқындалады. Неғұрлым жоғары бөліністердің өніміне көшу қажет, ол сирек және жерде сирек кездесетін металдарды өндіру технологияларының қолданыстағы отандық және озық шетелдік әзірлемелеріне сүйенуге тиіс.

Сирек және жерде сирек кездесетін металдар өндірісі бұдан әрі жаһандық экономиканы дамытуда маңызды рөл атқаратынын ескере отырып, жартылай өткізгіш, электрондық, аспап жасау және ғылым мен техниканың басқа да озық салаларын одан әрі дамыта отырып, сирек және жерде сирек кездесетін металдар таза мен олардың қосылыстарын өндіру, селекциялау, алу сияқты басым бағыттарға жаһандық ойыншыларды тарта отырып, бірлескен жобаларды әзірлеу қажет. Сонымен қатар, Қазақстанның минералдық кендерінің барлық игерілетін немесе барланған қорларының құрамында сирек және жерде сирек кездесетін металдар бар екенін атап өткен жөн.

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жерде сирек кездесетін металдар саласын одан әрі дамыту жоғары өндірілген өнімдер өндірісін ынталандыруда мемлекеттік қолдауды ұлғайтуды көздеу қажет.

Осыған байланысты, бүгінгі күні сирек және жерде сирек кездесетін металдарды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу өзекті болып табылады.

Орталық және өңірлік деңгейде Қазақстан Республикасын индустриялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған өзара іс-қимыл жасау, басқару және іске асыру мониторингінің тетіктері.

Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыру үшін күтілетін нәтижелер бойынша өзара келісілген бірқатар бағдарламалық және өзге де құжаттарды жүйелі түрде қабылдау қажет:

1) тиісінше өңірлердің мәслихаттары мен әкімдерінің шешімдерімен бекітілетін аумақтарды дамыту бағдарламалары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары;

2) Бағдарламаны іске асыруға қатысатын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың, мемлекет бақылайтын өзге де акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің стратегиялары және даму жоспарлары;

3) саясатты іске асыруға қатысатын ұлттық даму институттарының, мемлекет бақылайтын өзге де акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің стратегиялары және даму жоспарлары.

Аталған құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті кезеңнің өзекті шынайы ахуалын ескере отырып, қажеттіліктің туындауына қарай жүргізілетін болады.

Индустрияландыру картасының және жергілікті деңгейде өңірлердің кәсіпкерлікті қолдау картасының (бұдан әрі – өңірлік карта) шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды мониторингтеу бойынша жұмыс жалғасады.



Өңірдің кәсіпкерлікті қолдау картасы өңір деңгейінде индустриялық-инновациялық жүйені мониторингтеу (іске асыру) құралы болып табылады және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері іске асыратын индустриялық-инновациялық жобаларының жиынтығын білдіреді.

Мемлекеттік қолдау шараларын енгізу, алып тастау, ұсыну, сондай-ақ негізгі параметрлерді өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін органдар мыналар болады: Индустрияландыру картасы үшін – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссиясы, өңірлік карта үшін – тиісті өңірде құрылған Үйлестіру кеңесі.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік даму жөніндегі комиссиясы тоқсанына бір реттен сиретпей шақырылатын болады.

Жобаларды кезекті рет өзектілендірілген кезде:

бір жыл ішінде кемінде 70 % (жетпіс пайыз) деңгейде қуаттар үздіксіз жүктелген;

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде шешілуі мүмкін емес проблемалар, оның ішінде форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайларда Индустрияландыру картасынан және өңірлік картадан жобаларды алып тастау мәселесін пысықтау бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Индустрияландыру картасының жобалары бойынша жалпы үйлестіру жобалардың іске асырылуына жауапты мемлекеттік органдармен бірлесіп индустриялық қызметті қолдау саласындағы уәкілетті органға бекітіледі.

Жауапты салалық мемлекеттік органдар мен ұлттық холдингтер индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ай сайынғы негізде Индустрияландыру картасы жобаларының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беретін болады.

Өңірлік карта жобалары бойынша жалпы үйлестіру мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну операторларымен, жергілікті уәкілетті органдармен және "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өңірлік даму саласындағы уәкілетті органға бекітілген.

Өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну операторларымен, жергілікті уәкілетті органдармен бірлесіп индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ай сайынғы негізде өңірлік карта жобаларының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік ынталандыру құралдарының тиісті операторлары тоқсанына 1 реттен сиретпей жергілікті атқарушы органдарға кейіннен индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институтқа ақпарат бере отырып, индустриялық қызметті

мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шаралары туралы ақпарат береді.

Индустрияландыру картасы мен өңірлік карта жобалары бойынша мониторингті индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институт жүзеге асыратын болады.

Бұдан басқа, Индустрияландыру картасы мен өңірлік карта жобаларына индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институт:

1) Индустрияландыру картасына енгізуге үміткер индустриялық-инновациялық жобаның жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу;

2) жобаларды іске асыру барысында әкімшілік кедергілерді жою бойынша ұсынымдар дайындау;

3) жобаларды іске асыру кезінде проблемаларды анықтау және ведомствоаралық үйлестіру тетіктері арқылы оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде салалық сарапшылардың қызметтер көрсетуі бөлігінде қолдау көрсететін болады.

Жоба бойынша проблемалы мәселелер туындаған жағдайда, жобаны іске асыруға жауаптылар жобаның бастамашыларымен бірлесіп индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институттың ұсыныстарын ескере отырып, проблемалы мәселелерді шешу жөніндегі келісілген іс-шаралар жоспарын қабылдайды.

Өзара іс-қимыл және Бағдарламаның іске асырылуын басқару оны іске асырудың негізгі қатысушылары арасында бекітіліп бөліп берілген жауапкершілік пен институционалдық тетіктер шеңберінде жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен, орталық және жергілікті атқарушы органдармен, ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық компаниялармен және даму институттарымен қатар, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, кәсіпкерлердің кең ауқымын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну және мониторингтеу шарттарын жетілдіру процесіне тарту жолымен Бағдарламаны іске асыруға белсенді қатысуды жалғастырады.

Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты:

Бағдарламаны қаржыландыру және бюджет қаражатын игеру;

Бағдарлама шеңберінде ұсынылатын мемлекеттік қолдау шаралары;

өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс орындарын құру;

өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындардағы кадрларға қажеттілік бойынша мониторинг және талдау жүргізетін болады.

Жүргізілетін талдау негізінде индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты мониторинг және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалау, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру жүйесіне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Бағдарламаны тікелей іске асыруда мемлекеттік құрылымдармен бірге "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының атынан бизнес-қоғамдастықтан институционалдық тұрғыдан құрылған әріптестің қатысуының жаңа нысаны Бағдарлама ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Барлық фронтальдық функцияларды беру арқылы бизнесті кеңінен сервистік қолдауды шоғырландыру мәселесі пысықталатын болады.

Бұдан басқа, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы экспорттаушыларды сервистік қолдау бойынша "бір терезе" функциясын, оның ішінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін орындауды жалғастырады, бұл олардың құн және уақыт шығындарын қысқартуға, мемлекеттік органдармен және даму институттарымен ақпараттық өзара іс-қимылды жеңілдетуге, сыртқы экономикалық қызметке байланысты бизнес-процестердің транспаренттілігі мен болжамдылығын арттыруға, мүдделі мемлекеттік органдар, ұйымдар мен экспорттаушылар арасында кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

